



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz

АҚОРДА



ТЕМІРЖОЛ ТАСЫМАЛЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергеновті қабылдады.

Президентке компанияның өткен жылы атқарған қызметінің нәтижелері жөнінде мәлімет беріліп, алдағы кезеңге арналған жоспары таныстырылды.

Талғат Алдыбергенов тарифтік жүк айналымы 10 пайызға артып, 289 миллиард тонна-шақырымды құрағанын айтты. Тасымал көлемі 5,5 пайызға ұлғайып, 320 миллион тоннаға дейін жеткен. Экспорттық тасымал 89 миллион тоннадан асты. Жүк транзиті 20 пайыздан астам өсіп, 33 миллион тонна болды.

Президентке былтыр пайдалануға берілген «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісі арқылы 6 миллион тонна немесе 100 мың вагоннан аса жүк жеткізілгені баяндалды. Алматы бекетін айналып өтетін темір жолдағы техникалық қозғалысқа рұқсат етілді.

Теміржол инфрақұрылымдарын тарту және жаңғырту жұмыстары жалғасып жатыр. Жоба-

лардың жалпы ұзындығы 3900 шақырымды құрайды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа компания қызметінде қауіпсіздікті, тиімділік пен ашықтықты қамтамасыз ету үшін жасанды интеллектіні енгізу арқылы цифрлық жобалар жүзеге асырылып жатқаны айтылды.

Тәлімгерлік институты жолға қойылып, жас-тар кадрлық резерві жасақталған.

Президент әлеуметтік мәселелерді шешудің маңызын атап өтіп, теміржолшыларға арналған қолжетімді тұрғын үй салу бастамасын құптады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан темір жолы» ҰК» акционерлік қоғамын трансформациялауды жалғастыру, ірі шетелдік компаниялармен ынтымақтастықты нығайту, цифрлық шешімдерді енгізу, мультимодальдық логистиканы дамыту мақсатында инфрақұрылымдарды кеңейту жөнінде тапсырма берді.

Президент 2025 жылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа Жолдауында елімізді алдағы үш жыл ішінде жаппай цифрлық мемлекетке айналдыру жөніндегі стратегиялық бағдарды жариялады.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ ҚАЛАНАДЫ



→ 5

Әлібек АСҚАРОВ,
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

ӘДЕБИЕТКЕ АДАЛДЫҚ – ҒҰМЫРЛЫҚ ҰСТАНЫМ



Сол жылдары Катонқарағай ауданының әкімі Жәнімхан Құндызбаев бірер қора қой мен жылқыны жасырып, алыс бір таудың қойнауына айдатып, сырт көзден жасырып қалыпты. Әкімнің сол қулығын жылға жеткізбей бір қазақ біліп қойып, үстінен домалақ арыз жазып

жіберіпті. Оны естіген облыстың басшысы «Үкіметтің саясатын түсінбеді, тапсырманы орындамады» деген сылтаумен Жәнімханды орнынан жұлып тастағанына біз де куәміз.

→ 8-9

ЖЕКЕ МЕКТЕПТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЖАҢА РЕФОРМА



Үкімет жетекшісі Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау және Қаржы министрліктерінің алдына жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесіндегі теңгерімсіздіктерді жою міндетін қойды. Атап айтқанда, О.Бектенов жекеменшік білім беру мекемелерін қаржыландыру тетіктерін қайта қарауды тапсырды. Яғни, жеке қолдағы білім ордаларына бөлінетін бюджет қаражаты оңтайландырылмақ.

→ 7

ЖЕРТӨЛЕДЕГІ ЖӘДІГЕР



Бұл әмбебап дүкенде түпнұсқа басылымдар мен антиквариаттарды кездестіруге болады. Кітап қорында бірнеше тілдегі көркем әдебиет пен қазақ әдебиеті жауһарларының да түпнұсқа басылымдары сақталған.

→ 16

17 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

СЕНАТОРЛАР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯНЫ РАТИФИКАЦИЯЛАДЫ

Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда білім беру саласындағы конвенцияны ратификациялау және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына Сенат депутаттарын сайлау туралы мәселелер қаралды.



Отырыс барысында палата депутаттары «Жоғары білім беру саласындағы біліктілікті тану туралы Азия-Тынық мұхиты өңірлік конвенциясын ратификациялау туралы» заңды қарады. Талқылау кезінде заң еліміздің халықаралық аренадағы ұстанымын одан әрі нығайтуға, студенттер мен мамандардың ұтқырлығын арттыруға, сондай-ақ Қазақстан мен Орталық Азияның білім беру жүйелерінің интеграциясын тереңдетуге ықпал ететіні айтылды. Академиялық және кәсіби ұтқырлықты кеңейтумен қатар дипломдарды, дәрежелерді және өзге де біліктіліктерді тану рәсімі айтарлықтай жеңілдетіледі.

«Қаралған құжат тараптар арасында жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастықты дамытуды көздейді. Атап айтқанда, Конвенцияның ережелері оған қол қойған елдер арасында біліктіліктің ашық және уақытылы бағалануын қамтамасыз етуге бағытталған. Заңның мақұлданыуы оған мүше мемлекеттер арасында серіктестікті одан әрі нығайтуға, сондай-ақ еліміздің білім беру жүйесінің беделін арттыруға оң септігін тигізеді деп сенеміз», — деді Сенат Төрағасы.

Сонымен қатар Конвенция қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру қызметтерін экспорттау үшін жаңа нарықтар ашуды және жаңа білім беру практикалары мен оқыту технологияларының трансферін көздейді.

Палата отырысында Парламент Сенатының бірқатар депутаты «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына сайланды. Нақты айтқанда, комиссия құрамына Сенаттан Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары коми-

тетінің төрағасы Нұрлан Бекназаров, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы Сүйіндік Алдашев және Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшелері Наурызбай Байқадамов пен Мұрат Қадырбек сайланды. Сондай-ақ Нұрлан Бекназаров қосымша баяндамашы болып белгіленгенін атап өткен жөн.

Іс-шара барысында сенаторлар өздерінің депутаттық сауалдарын да жолдады.

Бекбол Орынбасаров ауылдық округтер әкімдерінің қызметіне функционалдық талдау жүргізуді жеделдетуді, төртінші деңгейдегі бюджеттердің кірістерін реттеу бөлігінде жаңа Бюджет және Салық кодекстерін қолдану мониторингін қамтамасыз етуді ұсынды. Одан бөлек, депутат экологиялық төлемдер мен табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін алымдардың бір бөлігін жергілікті деңгейге беру қажет екенін атап өтті.

Евгений Больгергт елдегі төрелік институты мемлекеттік реттеуді күшейтуді қажет етеді деп есептейді. Сенатор ұсыныстарының қатарында — Әділет министрлігіне төрелік саласындағы уәкілетті органның мәртебесін бекіту және төрешілерге біліктілік талаптарын белгілеу туралы бастамалар бар.

Арман Өтеғұлов Алматыдағы ветеринария ғылыми-зерттеу институтының жерін алуға қатысты мәселені көтеріп, ондағы құрылыс жұмыстарын тоқтатуға шақырды. Ол сауалда стратегиялық нысанның жерін иеліктен шығарудың заңдылығына құқықтық және қаржылық-экономикалық тексеру жүргізуді және институтты QazBioPharm холдингінің құрылымынан шығарып, Ауыл шаруашылығы министрлігінің тікелей қарауына беруді ұсынды.

Ғалиасқар Сарыбаев ветеринариялық қауіпсіздіктің жай-күйіне аландаушылық білдірді. Жағдайды жақсарту

үшін аса қауіпті аурулар бойынша қызметтерді бәсекелестік сатып алулардан шығару, оларды ұлттық қауіпсіздікке байланысты деп анықтау және мемлекеттік тапсырма арқылы мемлекеттік ветеринариялық стансаларды тұрақты қаржыландыруды қамтамасыз ету ұсынылды.

Геннадий Шиповских тыйым салынған тауарлар, медициналық қызметтер және инвестициялық жобалармен қатар күмәнді жарнамаларды насихаттайтын блогерлер мен инфлюенсерлерді сынға алды. Азаматтардың әлеуметтік және қаржылық қауіпсіздігіне қауіп төндірмеу және балалардың құқықтарын қорғау үшін сенатор күмәнді контент авторларының жауапкершілігін заңнамалық деңгейде қатандатуды ұсынды.

Жанна Асанова алкоголь, есірткі және токсикомания салдарынан мас күйде болғандарды кең инфрақұрылымы мен заманауи технологиялары бар жеке зертханаларда медициналық куәландыру жүргізуге рұқсат беру орынды қадам екенін айтты.

Сұлтан Дүйсембинов жеке қосалқы шаруашылықтар жүйелі қолдау мен жеке заң қабылдауды қажет ететініне назар аударды. Депутат Алматы және Жетісу облыстарының ауыл тұрғындарымен сала мәселелерін талқылағаннан кейін осындай қорытындыға келді.

Ернұр Әйткенов сәбіз экспортына тыйым салуды тоқтатуға шақырды. Оның айтуынша, тек Павлодар облысындағы шаруалардың қоймаларында 112 мың тоннадан астам өнім бар. Бұл көлем елдің ішкі қажеттілігін жабуға ғана емес, сонымен бірге экспортқа да жеткілікті.

Сәкен Арубаев топырақты зерттеу деректеріне сүйене отырып, Қазақстанның өсімдіктер дүниесін қорғау саласындағы жүйелі проблемаларға тоқталды және оларды шешу жолдарын тілге тиек етті.

Бибигүл Жексенбай барлық облыстағы аудандық газеттердің архивтеріне түгендеу жүргізуді және аудандық баспасөз архивтерін сақтау, цифрландыру, мемлекеттік архивтерге беру жөніндегі бірінші ұлттық стандарт әзірлеуді ұсынды. Депутаттың пікірінше, мұрағаттардың жоғалуы құқықтық және басқа да сын-қатерлерді тудырады.

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен бюро отырысында палатаның алдағы жалпы отырысының күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ АРАСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМДІ ҚАРАЙДЫ



Депутаттарға «2003 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заң жобасын қарау ұсынылады.

Хаттама арқылы «Кеген-автожолдық» (Қазақстан Республикасы) және «Қарқара-авто-

жолдық» (Қырғыз Республикасы) өткізу пункттерінің жұмыс режимін «тәуліктің жарық уақытынан» «тәулік бойы» деп өзгерту көзделген. Өткізу пункттерінің жұмыс режимін өзгерту Қазақстан — Қырғызстан шекара маны ынтымақтастығын одан әрі дамытуға, тауар айналымын ұлғайтуға және мемлекеттердің туристік саласындағы ынтымақтастығын дамытуға ықпал ететін

болады. Сондай-ақ екі елдің шекарасында орналасқан басқа да автокөлік өткізу пункттерінде жолаушылар ағынын азайтуға септігін тигізеді.

Сонымен қатар жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасына 2016 жылы 6 қазанда Монреалда қол қойылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 50 а) және 56-баптарының өзгеруіне қатысты хаттамаларды ратификациялау туралы заң жобасы енгізілді. Бұл құжатта Халықаралық Азаматтық авиация ұйымы кеңесінің және Аэронавигациялық комиссияның сандық құрамын ұлғайту қарастырылады.

Бұдан бөлек, қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Еуропалық конвенцияны ратификациялау туралы жаңа заң жобасын жұмысқа қабылдау ұсынылады.

ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА БАСТАМАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының бесінші отырысы өтті.



Жиында Парламентаризм институтының директоры Наталья Пан азаматтардан, сарапшылардан және қоғам белсенділерінен келіп түскен ұсыныстар жөніндегі аралық ақпаратпен бөлісті. Былтыр қазан айынан бері e-Отinish және eGov платформаларындағы «Парламенттік реформа» арнайы бөлімі арқылы халық арасынан, сарапшылар қауымдастығынан және қоғамдық бірлестіктерден 600-ге жуық ұсыныс жинақталған. Атап айтқанда, «Байтақ» партиясы, «Жанару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы, Республикалық адвокаттар алқасы, Toqtatmys адвокаттық қауымдастығы, Халықаралық арбитраж және медиация палатасы, Парламентаризмді дамыту қоры, Қазақстандық татарлар мен башқұрттар конгресі, Экономикалық саясат институты, «Азаматтық бастама» бастамашылық тобы және басқа да ұйымдар өз ұсыныстарын білдірді. Бұған қоса, құқықтанушы ғалымдар сарапшылық ұсынымдарын жолдап, белсенділік танытуда.

Сонымен қатар Парламентаризм институтының директоры азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерден парламенттік реформадан бөлек, конституциялық реформаға қатысты да бастамалар түсіп жатқанын жеткізді.

Жұмыс тобы жетекшісінің орынбасары — Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаев Парламенттің Үкіметті, Конституциялық Сотты, Жоғары аудиторлық палатаны, Орталық сайлау комиссиясын және басқа да мемлекеттік органдарды жасақтауға қатысуын реттейтін конституциялық рәсімдердің жалпы тәсілдері туралы айтты. Бұл тәсілдер жұмыс тобы мүшелері мен саяси партиялардың ұсыныстары негізінде әзірленген.

Жиын соңында Жұмыс тобының жетекшісі — Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин конституциялық реформа бойынша түпкілікті тәсілдерді әзірлеу үшін келіп түскен ұсыныстың барлығын жинақтап, жан-жақты зерделеуді тапсырды.

БАҒДАР

17 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ



САЛЫҚ КОДЕКСІ САРАЛАНДЫ

Қазақстандық салық кеңесшілері қауымдастығы «AMANAT» партиясының қатысуымен Астана қаласында «Салық кодексі – 2026: бизнеске арналған бағдарлар» атты конференция өткізді. Іс-шара офлайн форматта өтіп, оған 250-ден астам азамат қатысты. Сондай-ақ өңірлердегі өкілдер бейнебайланыс арқылы қосылды.

Жиынға мемлекеттік органдардың, кәсіптік және академиялық қоғамдастықтың өкілдері, кәсіпкерлер, салалық қауымдастықтар, салық кеңесшілері, бухгалтерлер мен заңгерлер қатысты. Талқылаудың негізгі тақырыбы – жаңа Салық кодексінде қарастырылған салықтық реттеу мен әкімшілендірудегі өзгерістер, сондай-ақ бизнестің жаңа ережелер жағдайында жұмыс істеуіне қатысты практикалық мәселелер.

Конференция барысында кейбір нормалар мен ережелердің іс-жүзінде қолданылуы жөнінде қосымша түсіндіру жұмыстары жүргізілуі қажет екені мәлімделді. Қатысушылар бұл нормаларды қолдану барысында даулы мәселелер мен түрлі кателіктер жиі туындайтынын атап өтті. Осыған байланысты бизнес өкілдеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізу және оларды сүйемелдеу шаралары барлық өңірде жүйелі түрде жалғасуы қажет екені айтылды.

Іс-шараның ашылу салтанатында «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек сөз сөйледі. Ол жаңа нормалардың тиімді жүзеге асуы үшін кәсіпкерлермен тұрақты диалог орнатудың және оларға қабылданған өзгерістерді барынша түсінікті әрі ашық түрде жеткізудің маңызын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Turkistan» газетіне берген сұхбатында жаңа Салық кодексі туралы айта отырып, бұл реформаның қатардағы «фискалдық науқан» емес, салық жүйесін қайта құру екенін атап өткен еді. Сондықтан реформаны іске асырудың бастапқы кезеңінде ықтимал шығындарды есептеп, оны барынша азайту жолдарын қарастыру маңызды. Бұл процесті бақылай отырып, кәсіпкерлердің жаңа салық жүйесіне бейімделуіне қолдау білдіру қажет. Бұл ретте кәсіптік қоғамдастықтың рөлі ерекше. Бизнес өкілдерінің жаңа салық жағдайына бейімделуі қоғамдастықтың жұмысына тікелей байланысты. Жақын арада партия жанынан жасанды интеллект негізіндегі арнайы цифрлық платформаны іске қосу жоспарланып отыр. Ол кәсіпкерлерге жаңа жағдайда туындайтын

практикалық сұрақтарға жедел жауап алуға мүмкіндік береді. Бұл жұмыс офлайн форматта да ұйымдастырылады. Өңірлерде бухгалтерлер мен салық кеңесшілеріне арналған консультациялық сессиялар өткізіледі. Оларға заңгерлер және салалық мемлекеттік органдардың өкілдері қатысады», — деді Дәулет Кәрібек.

Конференция бағдарламасы төрт тақырыптық сессияны қамтыды. Онда арнайы салық режиміндегі өзгерістер, негізгі салықтар бойынша жаңашылдықтар, салықтық әкімшілендірудің трансформациясы және салық даулары бойынша сот практикасы талқыланды. Сонымен қатар бухгалтерлердің, заңгерлердің және кәсіпкерлердің қолданбалы мәселелеріне қатысты практикалық секциялар мен сараптамалық пікірталастар ұйымдастырылды.

«Салық заңнамасындағы өзгерістер бизнеске ауыртпалық тудыратын фактор емес, керісінше түсінікті әрі болжамды процесс болуы керек. Кәсіпкерлердің жаңа нормаларды зерделеуге, соған сәйкес өз бизнес процестерін бейімдеп, қажет болса уақытылы түзетулер енгізуге мүмкіндік алуы маңызды. Сондықтан мемлекет, кәсіптік орта және бизнес арасында ашық әрі өзара түсіністікке негізделген диалог орнату, жаңа талаптарды кәсіпкерлердің нақты жағдайын ескере отырып, қысымсыз енгізу — ортақ міндетіміз», — деді Қазақстандық салық кеңесшілері қауымдастығы басқармасының төрағасы Сәкен Карин.

«AMANAT» партиясы Қазақстандық салық кеңесшілері қауымдастығымен бірлесіп, отандық бизнестің жаңа жағдайға барынша жеңіл бейімделуіне ықпал етуді көздейді. Алдағы уақытта өңірлерде осындай іс-шараларды өткізу, сондай-ақ жауапты мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу үшін азаматтармен кері байланыс орнату жоспарлануда. Негізгі мақсат — шағын бизнестің жаңа Салық кодексі нормаларына ауысуын қамтамасыз ету, сондай-ақ компаниялардың тұрақтылығы мен тиімділігін сақтай отырып, олардың қызметін жаңартылған құқықтық негізде ұйымдастыруға қолдау көрсету.

АГРАРЛЫҚ КЕҢЕС БАС ҚОСТЫ

Мал шаруашылығы бұдан былай нүктелік субсидиялар есебінен дами алмайды – мемлекет саланы ұзақмерзімді жеңілдетілген қаржыландыру мен технологиялық жаңғыртуға негізделген тұрақты әрі экономикалық тұрғыда тиімді модельге көшіруге кірісті. Бұл туралы «AMANAT» партиясы жанындағы Аграрлық сектордың мәселелері жөніндегі Республикалық кеңес отырысында Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалиев мәлімдеді.



Оның айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2026–2030 жылдарға арналған мал шаруашылығын дамытудың кешенді жоспары әзірленіп жатыр. Осы мақсатта Парламент депутаттарының, өңірлік әкімдіктердің, қаржы институттарының, салалық қауымдастықтардың және «Атамекен» ҰКП өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобы құрылды.

«Бүгінде мемлекеттік саясат тікелей субсидиялаудан жеңілдетілген несиелеу құралдарына көшуге бағытталды. Мемлекет бас-

шысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұған қатысты нақты тапсырмасы бар. Осыған байланысты, ең алдымен, саланы арзан несиелік ресурстармен қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қолдау тапты», — деді Аманғали Бердалиев.

Кешенді жоспарда асылтұқымды мал шаруашылығын дамыту мәселесіне ерекше назар аударылды. Асылтұқымды мал басын сатып алуға жылдық 6% мөлшерлемесіз ұзақмерзімді жеңілдетілген несиелеу беру бағдарламасын іске қосу жоспарланып отыр. Бұл бағыттағы

жалпы қаржыландыру қажеттілігі шамамен 300 млрд теңгені құрайды. Айналым қаражаты тапшылығын толықтыру үшін салалық шектеусіз, жылдық 5% мөлшерлемесіз әмбебап несиелік өнім іске қосылады.

Республикалық кеңес төрағасы, Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының депутаты Нұржан Әшімбетов мемлекеттік қолдау саласындағы теңгерімсіздік мәселесіне назар аударды.

«Быттыр өсімдік шаруашылығына шамамен 700 млрд теңге, техникаға — 300 млрд теңге, ал мал шаруашылығына бар болғаны 50 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінді. Бұл тіпті 10%-ға да жетпейді. Шаруалардың айналымға да, жаңа шаруашылықтар ашуға да қаражаты болмады», — деді депутат.

Сонымен қатар ол мемлекеттік қолдаудың жаңа моделі ашық болуға, фермерлердің нақты қажеттіліктерін ескеруге және мал сатып алуға, жаңа шаруашылықтарды іске қосуға, сондай-ақ жеңілдетілген несиелеу қолжетімділікті ынталандыруға тиіс екенін атап өтті.

Отырыс қорытындысы бойынша, «AMANAT» партиясы жанындағы Республикалық кеңестің ұсыныстары Мал шаруашылығын дамытудың кешенді жоспарына енгізу үшін Ауыл шаруашылығы министрлігіне жолданады. Бұл шаралар ірі қара мал санын 12 млн басқа, ұсақ малды 28 млн басқа дейін ұлғайтуға және ет экспортын екі есеге арттыруға бағытталуда.

1 ТОННАДАН АСТАМ ҚОҒЫС ЖИНАЛДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда «Таза Қазақстан» ұлттық жобасы жүзеге асырылуда. Жоба экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға және елді мекендерді абаттандыруға бағытталған. Осы жалпыұлттық бастаманы қолдай отырып, «AMANAT» партиясы «Таза бейсенбі» экологиялық жобасын жүзеге асыруда. Жоба жүйелі түрде еліміздің барлық өңірлерінде өткізіліп, партиялық құрылымдарды, «Жастар Рухы» жастар қанатын және белсенді азаматтарды біріктіреді.

Оған мысал — Шымкент қаласында «AMANAT» партиясының қалалық филиалы ұйымдастырған акция. Тұран ауданының №3 шағынауданында шамамен 50 адам арнайы техника көмегімен көпқабатты үйлердің ауласын тұрмыстық қалдықтар мен жерге түскен жапырақтардан тазартты. Нәтижесінде,

шамамен 1 тонна қоқыс шығарылды, ал акция барысында қала бойынша жалпы шығытын қалдық көлемі 80 тонна болды.

Жобаның экологиялық бағыты кейбір өңірлерде әлеуметтік құрамамен толықтырылады. Мысалы,

Ұлытау облысында «AMANAT» партиясының облыстық филиалы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері Жезқазған қаласының тұрғыны, еңбек ардагері Наталья Васильевнаның ауласын қардан тазалап, карт адамға қамқорлық көрсетті.

Осыған ұқсас жұмыстар Батыс Қазақстан облысында да жүргізілді. Орал қаласында «AMANAT» партиясының облыстық филиалы жанындағы «Жастар Рухы» белсенділері қатты аяз бен қарлы ауа райына қарамастан ардагерлердің ауласын тазалап, үйлеріне апаратын жолдарды қардан аршыды.

Акция аясында Шығыс Қазақстан облысының Шемонайха ауданында көшелер, жаяу жүргінші жолдары тазаланып — 1100 текше метрден астам қар шығарылып, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі артып, елді мекендердің санитарлық жағдайы жақсарды.

Маңғыстау облысында «AMANAT» партиясының Жаңаөзен қалалық филиалы өндірістік аумақта «Таза бейсенбі» акциясын ұйымдастырды. Мұнай-газ өндіру басқармасы №2 бастауыш партия ұйымының мүшелері аумақты тұрмыстық және өндірістік қалдықтардан тазалап, шамамен 1 тонна қоқыс жинады.

Акция Түркістан облысында ерекше мәнге ие болды, онда ол республикалық маңызы бар және жалпыұлттық киелі мұра объектісі саналатын Аппақ ишан архитектуралық кешенінің аумағында өткізілді. Іс-шара барысында аумақты тазалау және абаттандыру жұмыстары партия белсенділері, музей қызметкерлері және «Жастар Рухы» еріктілерінің қатысуымен ұйымдастырылды.

Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

17 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

— Экспортты шектеуге не себеп болды, оның салдары қандай?

— Қазір фермерлер мен кәсіпкерлер сәбіз бен басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттауға шектеу қою туралы наразылық танытуда. Сарапшыларда бағаны тек экспортты шектеумен ұстап тұру мүмкін емес дейді. Кәсіпкерлеріміз мемлекет ішкі нарыққа қанша өнім керек екенін нақты есептеп берсе, фермерлер соны өндіруге дайын екенін ашық айтып жатыр.

Менің ойымша, Қазақстан шаруалардың қолын қакпай, қолдау көрсетуі керек. Қазір билік кәсіпкерлерге өсірген бүкіл өнімін сатуға мүмкіндік беруге тиіс. Себебі уәкілетті органдар қысқы маусымда бағаны тұрақтандыру үшін әрбір өнімдегі шаруалардан қажетті өнімдерді сатып алып, сақтап қояды. Оның ішінде, картоп пен сәбіз де бар. Сондықтан да осы уәкілетті органдар есеп-қисаптары дұрыс жасаған болса, қазіргі жағдайда сәбізді шетелге экспорттауға шаруаларға шектеу қоюдың қажеті жоқ.

Үкімет ең алдымен экспортқа шығарылатын немесе шектеу қойылған өнімдерге бақылауды күшейтуі керек деп есептеймін. Ол үшін Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі бірлесіп, әр өнімнің тұтынатын азық-түлігіне талдау жасап, нақты қажеттілігін анықтағаны абзал. Осыдан кейін шаруалардан қажетті көлемдегі өнімді сатып алып, қоймаларда сақтау мәселесін реттеген жөн. Одан кейінгі амал — қоймаларда сақталатын өнімдерді қатаң бақылауға алу. Температуралық режимнің бұзылмауын, герметизацияның сақталуын қамтамасыз ету керек. Себебі қоймадағы есіктердің жиі ашылып-жабылуының өзі өнімнің сапасына әсер ететіні анық.

— Сонда қазір ішкі нарыққа қанша өнім керектігі туралы нақты мәліметтің болмағаны ма?

Кейбір отандық азық-түлік өнімдерін экспорттауға шектеу қойылғаны қазақстандық өндірушілерді пайдадан қағуы мүмкін. Фермерлер мен кәсіпкерлер қауымдастығының өкілдері қатарынан бірнеше маусымда қайталанатын баға өсімі, логистикалық қиындықтар мен түрлі шектеу шараларының әлі де шешімін таппағанына қынжылыс білдіруде. Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Темір Қырықбаев осы мәселе төңірегінде Парламент мінберінен Үкіметке сауал жолдаған еді.



Темір ҚЫРЫҚБАЕВ,
Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы
фракциясының мүшесі:

ШАРУАНЫҢ ҚОЛЫН ҚАҚПАЙ, ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕЙІК

лігі таратқан «өнім тапшылығы бар» деген ақпараттың қаншалықты дұрыс екеніне күмән туады. Бұл мемлекет пен шаруалардың арасында тұрақты диалогтың жоқ екенін көрсетеді.

Мысалы, тек Павлодар облысының өзінде фермерлердің қолында 120 мың тоннадан астам сәбіз бар. Қазір тіпті оның келісін 80 теңгеден сатудың өзі қиын, себебі сұраныс төмен. Ал сәбіз ұзақ сақталмайды. Осы жағдайда экспортқа уақытша тыйым салу шаруалардың өнімін сату мүмкіндігін одан әрі шектейді.

ның неге көтерілгенін өздігінше түсіндірді, бірақ экспорт-импорттың әсері, өнімнің аз жиналуы және ішкі экономикалық мәселелер сияқты ортақ себептер де болды. 2024 жылы бұл жағдай қайталанып, картоп тапшылығы байқалды.

Сондықтан Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі бірігіп, экспортқа шығатын өнімдерге нақты талдау жасап, Қазақстандағы тұтыну көлемін анықтауы қажет деп ойлаймын. Қажет болған жағдайда шаруаларға тапсырыс беру арқылы осындай өнімдерді көбірек егу мәселесін қарастыру керек.

Бұған дейін картоп, ет және пияз экспортына да осындай шектеулер қойылған, бірақ ол жағдайлардан нақты қорытынды шығарылған жоқ. Қазір де қысқамерзімді әкімшілік шешімдер басым болып тұр. Мұндай саясат ұзақ уақытқа созылса, фермерлердің өндірісті дамытуға деген ынтасын төмендетеді және елдің шетелдік өнімге тәуелді болу қаупін күшейтеді.

— Онда неліктен баға тым шарықтап кетпеуі үшін делдалдар мен логистика мәселесі реттелмейді?

— Бүгінгі Ұлттық статистика бюросының құжаттарына көз жүгіртсек, 2025 жылғы жылдық инфляция 12,3% деңгейінде қалып отыр. Үкімет инфляцияны төмендету бойынша түрлі шара қабылдап жатқанын ресми мәлімдейді. Алайда қарапайым халық бұл бастамалардың нақты нәтижесін сезіне алмай отыр. Инфляция қағазда баяулап жатқанымен, дүкен сөресіндегі бағалар ырыққа

көнер емес. Жакында өнімдерді аралап, тұрғындармен жүзбе-жүз сөйлескен кезде осы жағдайдың айқын көрінісі байқалды: азық-түлік бағасы үнемі өсуде, оның ішінде өз елімізде өндірілетін өнімдердің өзі күн санап қымбаттап барады.

Халықтың айтуынша, бағаның өсуіне ең алдымен логистика мен коммуналдық шығындардың артуы себеп. Кәсіпкерлер де бұл пікірді қуаттайды. Біз «бағаны нарық реттейді» деп жиі айтамыз, алайда уәкілетті органдар сауда жүйесіндегі делдалдыққа қатысты толыққанды талдау жасап, түпкілікті есеп берген емес. Нарықтағы баға қозғалысында «кім, қалай және қанша пайда көріп отыр?» деген сұрақтардың жауабы әлі де ашық.

Статистика да бұл жағдайды растап отыр. Былтырғы жылдың желтоқсан айы бойынша азық-түлік тауарларының жылдық өсімі — 13,5%, азық-түлікке жатпайтын тауарлар — 11,1%, ақылы қызметтер 12% қымбаттаған. Азық-түлік тауарлары арасында қызанақ бағасы — 7,9%, күріш — 4,8%, кияр — 4,7%, тәтті бұрыш — 2,7%, кептірілген өрік 2% арзандағанымен, керісінше жүзім — 7,7%, көк шай 7,9% қымбаттаған.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар да бір орында тұрған жоқ: аяқкиімге жағатын крем — 10,8%, сантехникалық қоспалауыш — 8,5%, электрлік бұрғы 6,6% өскен. Қызметтер секторына келсек, 2025 жылы тұрғын үй-коммуналдық қызметтер саласындағы суық су тарифтері 13,1% төмендегенімен, аяқкиім жөндеу — 10,1%, пошта қызметтері — 8,9%, автосактандыру 6,5% өскен. Өңірлер

арасында Алматы қаласы мен Қостанай облысында жылдық инфляция деңгейі салыстырмалы түрде төмен — 11,7%, ал Абай, Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында 11,8% деңгейінде тіркелген.

Осы деректердің барлығы елдегі баға саясатының әлдеқайда терең талдауды қажет ететінін көрсетеді. Бағаны тек мәжіліс залдарында немесе есептерде емес, шынайы өмірде тұрақтандыру мәселесі күн тәртібінен түспеуге тиіс. Бұл тұрғыда мен жергілікті атқарушы органдарға ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен ірі сауда орындарын тікелей беттестіруді ұсынар едім. Шаруалар өнімін тікелей сата алса, ал дүкендер делдалсыз сатып алса, баға тұрақтандыруға септігін тигізері анық.

Сонымен қатар Үкімет қоймаларда сақталатын өнімдердің сапасына қатаң бақылау орнатуы керек. Температуралық режим, герметизация және қойма талаптарының сақталуы — өнімнің өзіндік құны мен соңғы бағасына әсер ететін маңызды фактор. Бұл бағытта талаптарды күшейту кешіктірілмеуге тиіс. Өйткені базардағы баға мәселесі — халықтың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін әлеуметтік-экономикалық индикатор. Сондықтан инфляция туралы есептер халықтың қалтасымен сәйкес келгенде ғана нақты нәтижеге қол жеткіздік деп ашық айтуымызға болады.

— Сіз Үкіметке жолдаған депутаттық сауалыңызда нақты қандай ұсыныстар көтердіңіз?

— Депутаттық сауалда мен бірнеше нақты мәселені көтердім. Біріншіден, экспортқа шектеу енгізу туралы ұсыныс қандай экономикалық және статистикалық есептеулерге негізделгенін сұрадым. Яғни, ішкі нарықтың қажеттілігі, қолда бар қорлар туралы нақты қандай деректер пайдаланылды, олардың дұрыстығына қай орган жауапты — осының барлығы ашық айтылуы тиіс деп есептеймін.

Екіншіден, баға өсімі жалғасқан жағдайда экспортты әкімшілік жолмен шектеудің тиімділігіне күмән бар екенін атап өттім. Сол себепті «сауда үстемесін реттеу», «логистиканы оңтайландыру» және «тұрақтандыру қорлары арқылы сатып алу» сияқты жүйелі тетіктерді қолдану мүмкіндігі қарастырылды ма, қарастырылса оның нәтижесі қандай болғанын нақтылау қажет болды. Себебі өнім өндірушілерге шектеу салу — ең соңғы және уақытша шара болуы керек.

Үшіншіден, ішкі нарықты кепілдендірілген көлемде өніммен қамтамасыз етіп, артық өнімді экспортқа шығаруға мүмкіндік беретін, нақты әрі түсінікті модель қажет екенін айттым. Ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін шаруалар алдын ала жоспарлай алуы үшін ойын ережелері өзгермей, тұрақты болуы шарт. Менің ұстанымым біреу: мемлекетке қажеті — бірреттік тыйымдар мен шектеудер емес, тұрақты және болжамды ережелер.

Сұхбаттасқан
Кәмила ДҮЙСЕН

Бұған дейінгі тәжірибеге қарасақ, экспортты тоқтату бағаны түсірмейді. Керісінше, баға өсе береді. Ал ең үлкен соққыны шаруалар алады. Өйткені өнім дүкенге жеткенше делдалдар мен тасымалдаушылардың үстеме бағасынан бірнеше есе қымбаттап кететіні бұрыннан белгілі.

— Жоғарыда атап өткенімдей, жауапты министрліктер бірлесіп, әр өнімнің тұтынатын азық-түліктеріне талдау жасап, нақты деректерді, яғни қажетті өнім көлемін анықтау керек. Сондай-ақ елімізде ішкі нарықты қорғау шараларын, соның ішінде бақылауды, контрафактілік және жалған, бұрмаланған азық-түлік өнімдеріне қарсы шараларды күшейту қажет.

Мысалы, Қазақстанның Картоп және көкөніс өсірушілер одағының айтуынша, қоймаларда өнім жеткілікті, сәбіз де, картоп та жетіспей жатқан жоқ. Сондықтан Ауыл шаруашылығы министр-

— Бұған дейін де осындай шектеулер болды ғой, соның нәтижесінде баға түсті ме?

— Бұған дейінгі тәжірибеге қарасақ, экспортты тоқтату бағаны түсірмейді. Керісінше, баға өсе береді. Ал ең үлкен соққыны шаруалар алады. Өйткені өнім дүкенге жеткенше делдалдар мен тасымалдаушылардың үстеме бағасынан бірнеше есе қымбаттап кететіні бұрыннан белгілі. Сол үшін олар бұл шектеуден еш зиян көрмейді.

Мендегі деректерге қарағанда, 2021 жылы Орталық Азия елдерінде картоп пен сәбіз бірнеше есе қымбаттаған. Әр мемлекет баға-

ЗЕРДЕ

Биыл Қазақстан үшін цифрлық трансформацияның басым бағыттарын айқындайтын кезең болмақ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады және жақында Цифрлық кодекске қол қойды. Сонымен қатар көп кешіктірмей барлық цифрлық бастамаларды жалпыұлттық бағдарламаға біріктіретін Digital Qazaqstan біртұтас тұжырымдамалық құжатты қабылдау жоспарланған.

**Тілегүл
ЕСДӘУЛЕТ**

**САНДАР САПАҒА
АЙНАЛЫП КЕЛЕДІ**

Елімізде цифрландыру жүйесі кейінгі онжылдықта жалпыұлттық экономикалық және әлеуметтік дамудың негізгі көрсеткішіне айналып келеді. 2017 жылы Қазақстан Үкіметі экономика мен мемлекеттік басқарудың цифрлық трансформациясын жеделдетуге бағытталған «Цифрлық Қазақстан» атты стратегиялық бағдарламасын бекітті. Бағдарлама аясында ел азаматтарының өмір сүру сапасын жақсартуға, жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға, тұрақты экономикалық өсу жағдайын жасауға бағытталған бірқатар бастамалар қолға алынды. Мамандардың пікірінше, қоғамда цифрлық жетілу үрдісі ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің басқару тәжірибесіне жасанды интеллектіні ауқымды түрде енгізу шаралары тиімді жүзеге асырылып жатыр.

Президент 2025 жылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа Жолдауында елімізді алдағы үш жыл ішінде жаппай цифрлық мемлекетке айналдыру жөніндегі стратегиялық бағдарды жариялады.

«Біздің маңызды стратегиялық міндетіміз — Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру. Цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз де жоқ емес. Біз электронды үкіметті және финтехті дамыту индексі бойынша әлем көшбасшыларының қатарында тұрмыз.

2026 жылға қарай IT қызметтерінің экспортын бір миллиард долларға жеткізу — Үкіметке жүктелетін жаңа міндет. Шетелдің ірі IT компанияларымен бірлескен кәсіпорындар ашу бұл іске септігін тигізері сөзсіз. Үкімет осы мәселені мұқият зерделеп, нақты ұсыныстар енгізуі керек.

Үкімет жасанды интеллектіні дамыту ісіне баса назар аударуға тиіс. Әлемде алдағы бірнеше жылда осы салаға бір триллион доллардан астам инвестиция салынады деген болжам бар. Жасанды интеллект оны дамыта білген елдердің ішкі жалпы өніміне айтарлықтай үлес қосуы мүмкін», — деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, IT салада қазірдің өзінде жетістіктер жоқ емес. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің есебінше, соңғы жылдары IT-нарық табысының айтарлықтай өсуі байқалып отыр. Қазақстан IT-қызметтер экспортында рекордтық көрсеткішке қол жеткізіп, 2021 жылмен салыстырғанда бұл көлем 15,7 есе артқан.



Цифрлық дәуірдің ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ қаланады

тер жоқ емес. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің есебінше, соңғы жылдары IT-нарық табысының айтарлықтай өсуі байқалып отыр. Қазақстан IT-қызметтер экспортында рекордтық көрсеткішке қол жеткізіп, 2021 жылмен салыстырғанда бұл көлем 15,7 есе артқан.

«Быттыр IT-нарықтың жалпы көлемі 2 трлн теңгені құрады. Сондай-ақ IT-қызметтер экспорты да жоғары қарқынмен дамып келеді. Күтілім бойынша, оның көлемі 1 млрд АҚШ долларына жетеді», — деді ол. Министрліктің деректеріне сәйкес, 2025 жылы Қазақстандағы IT-нарықтың жалпы табысы 2 трлн теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 2,1 есе өсті. 2025 жыл отандық IT-саласы үшін бетбұрыс кезеңі болды. Бұл жылы сектор тек қаржылық көрсеткіштерге жетіп қана қоймай, бірқатар институционалдық және инфрақұрылымдық реформаларды да аяқтады.

Ж.Мәдиевтің мәлімдеуінше, 2025 жылы еліміз халықаралық рейтингтердегі позициясын нығайтып, ЖИ дамуының институционалдық негізін қалыптастырды. Халықаралық бағалауларға сәйкес, бүгінде Қазақстан электрондық үкіметтің даму индексіне (EGDI) 24-ші орында және онлайн-қызметтер индексі (OSI) бойынша әлемнің топ-10 еліне кіреді. Сонымен қатар alem.cloud ұлттық суперкомпьютерлік кластері әлемдегі ең ірі суперкомпьютерлердің TOP-500 рейтингіне еніп, 86-шы орынға ие болды. Осылайша, Қазақстан есептеу қуаты бойынша өңір көшбасшыларының бірі ретіндегі мәртебесін растады.

«Бұл ұстанымдар цифрлық жетілу деңгейін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің басқару

тәжірибесіне жасанды интеллектіні ауқымды түрде енгізе алу қабілетін де көрсетеді», — дейді министр.

ҚАУІПСІЗДІК ЖАҒЫН ЕСКЕРГЕН ЖӨН

Дегенмен цифрлық технологияларының әлемде тез қарқынмен дамуы және қоғамға дендеп енуі — оны қолдана білу этикасы мен қауіпсіздік шараларына қатысты мәселелерді туындатады. Әсіресе, интернет пен әлеуметтік желілердің кең қолданылуы адамның эмоционалдық және психологиялық жағдайында қатерге ұрыну, алданып қалу секілді жеке басқа қауіп ықтималдығын арттырады. Сондықтан ақпараттық гигиена, медиа сауат сияқты сақтық ережелерін білудің және азаматтардың заңмен қорғалуының маңыздылығы зор.

Быттыр елімізде ЖИ туралы заң қабылданды. Жақында Мемлекет басшысы Цифрлық кодекске қол қойды. Аталған құжаттар цифрлық даму үрдісімен қатар, жаңа сын-қатерлердің өршуі, алаяқтар мен киберкылмыскерлердің пайда болуы сияқты цифрлық қауіптердің алдын алуға арналған. Шындығында, цифрлық қауіпсіздік — тек IT мамандарының емес, әрбір азаматтың жеке мәселесіне айналып отыр. Соңғы жылдары интернет арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттердің түрі өзгеріп, әдісі күрделене түсті. Азаматтардың атына несие рәсімдеу, жалған инвестициялық платформалар арқылы алдау, фишингтік сілтемелер арқылы банк картасынан ақша ұрлау күнделікті қалыпты жағдай болып тұр. Тіпті, жасанды интел-

лект құралдарын пайдалану арқылы жалған дауыс, видео жасап, сенімге кіру жағдайлары мен зорлық-зомбылық асқынып келеді. Осы орайда, біз, «Цифрлық дәуірдің құқықтық негізі қандай?» және ««Жасанды интеллект туралы» заң мен Цифрлық кодекстің айырмашылығы не?» деген сұрақтарға жауап іздеген едік.

— Этика және заңнама мәселелері ерекше назар аударуды қажет етеді. Жасанды интеллектіні қолдану барысында дербес деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету, әділеттілік және транспаренттілік принциптерін сақтау маңызды. Алаяқтық, жалған ақпарат тарату және кибершабуылдар қаупін азайту үшін ақпаратты сүзгіден өткізу, деректерді шифрлау және көпсатылы аутентификация сияқты шаралар қолданылуы қажет, — дейді профессор, PhD докторы Айнұр Ахмедиярова.

Цифрлық кодекстің қабылдануы депутат Екатерина Смышляеваның сөзінше, елімізде алғаш рет цифрлық құқық ұғымын заңмен бекітпек. Сондай-ақ кодекс азаматтардың цифрлық активтері мен деректерін құқықтық тұрғыдан қорғауды көздейді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, IT салада қазірдің өзінде жетістіктер жоқ емес. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің есебінше, соңғы жылдары IT-нарық табысының айтарлықтай өсуі байқалып отыр.

Сарапшылар кодекстің негізгі мақсаты — цифрлық ортада бірыңғай құқықтық база қалыптастыру, мемлекеттік басқарудың цифрлық трансформациясын жеделдету және осы саладағы қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған дейді. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нұртай Сабильяновтың айтуынша, Цифрлық кодексте тұтынушылардың және цифрлық платформаларды пайдаланушылардың құқықтарын қорғау мәселелеріне ерекше назар аударылған.

— Цифрлық кодексе цифрлық ортада бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кодексте тұтынушылардың және цифрлық платформаларды пайдаланушылардың құқықтарын қорғау мәселелеріне ерекше назар аударыл-

ған. Яғни, цифрлық платформалар мен қосымшалар арқылы тауар сатылған, қызмет көрсетілген немесе жұмыстар атқарылған жағдайда, салалық заңнама талаптарын сақтау міндеттеледі.

Мысалы, тауар сату барысында тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сауда қызметі туралы заңдарда көзделген талаптар орындалуға тиіс. Атап айтқанда, сапасыз тауар сатылған жағдайда, тұтынушы 14 күннің ішінде оны цифрлық платформа арқылы қайтару құқығына ие болады, — деді депутат.

Депутаттың сөзінше, кодекс жобасын талқылау барысында адамның құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің қауіпсіздігін қорғауға айрықша мән берілді.

— Азаматтардың дербес деректерін қорғау және киберқауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік көзделіп отыр. Цифрлық жүйелердің иелері азаматтардың немесе өзге де субъектілердің талабы бойынша оларға қатысты барлық цифрлық жазбаларды жоюға міндетті болады. Мемлекеттік бақылау жүйесі арқылы аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, тиісті тексеру мен бақылау жүргізіледі. Сонымен қатар цифрлық деректерді іздеу, қалыптастыру және пайдалану еркіндігі, ашықтығы мен қолжетімділігі қамтамасыз етіледі, — деді ол.

Сондай-ақ Нұртай Сабильянов «Жасанды интеллект туралы» заң мен Цифрлық кодекстің айырмашылығын түсіндірді және аталған заңда жасанды интеллектіні ұлттық платформа-сын құру көзделгенін айтты.

— Ұлттық платформа дерекнамаларды жинау, өңдеу, сақтау, тарату және түрлі қызметтер ұсынуға арналған технологиялық алаң болып табылады. Үкімет жасанды интеллект саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асырып, жасанды интеллектінің ұлттық платформасының операторын айқындайды. Жалпы алғанда, заңда жасанды интеллект жүйелерінің құқықтық режимі, оларды пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері, қауіп-қатерлерді басқару тетіктері, сондай-ақ жүйелердің ашықтығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған, — деді депутат.

Көріп отырғанымыздай, жасанды интеллект қолжетімді болған сайын жалған әрекеттердің түрі көбейіп, оны жасау жолдары бұрынғыдан да оңай әрі жеңіл болып барады. Бірақ сол технологияны дұрыс қолдана отырып, жалған ақпаратты анықтау мен оған қарсы тұруға да болады. Ол үшін заң, платформа, технология және ең бастысы, тұтынушының сыни ойлауы қатар жұмыс істеуі қажет. Сонымен қатар цифрлық дәуірде әрбір адам өзінің құқықтары мен қауіпсіздігін сақтауы үшін ең алдымен қарапайым қағидаларды есте сақтауға тиіс. Яғни, жеке деректерді әр платформада қалдыруға асықпау, банк картасы, SMS-код сияқты құпия ақпаратты ешкімге бермеу, беймәлім сілтемелерге өтпеу және электронды пошталар мен мессенджерлердегі күмәнді хабарламаларға жауап бермеу керектігін білуіміз керек.

НАРЫҚ

17 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Елімізде автокөлік лизингі қолға алына бастады. Дәлірек айтсақ, Қазақстанда 1 желтоқсанның бастап жеке тұлғаларға арналған автокөлік лизингі қолжетімді болды. Бұл тәсіл әлемде кең таралғанымен, біздің ел үшін әлі салыстырмалы түрде жаңа. Бастамашылардың айтуынша, мұндай өнім алғаш рет іске қосылып отыр.



А Әсет ҚАЛИ

Ресми деректерге сәйкес, жеңіл автокөліктер мен жеңіл коммерциялық көліктерді классикалық лизингке беру қызметтерінің көлемі соңғы жылдары айтарлықтай өзгерді. Мәселен, 2018 жылы нарық 4,5 миллиард теңгеден асқан болса, бұл сандар 2019 жылы 1,6 миллиард теңгеге дейін төмендеп кеткен. Ал 2020 жылы қайта шынға жетіп 11,2 миллиард теңгеге дейін өсіп кетті. Өсім көпке созылмай 2024 жылы қызметтердің жылдық көлемі 1,1 миллиард теңгеге дейін төмендеді.

АВТОЛИЗИНГ ДЕГЕН НЕ?

Автолизингті қарапайым тілмен айтсақ, бұл көлікті бірден сатып алу да емес, кәдімгі жалға алу да емес, екеуінің ортасындағы нұсқа. Адам көлікті өз атына рәсімдемей-ақ, белгілі бір мерзімге пайдаланады және сол уақыт үшін ай сайын төлем жасайды. Лизингтің жұмыс істеу тәртібі де аса күрделі емес. Лизингтік компания немесе банк кәсіпкер таңдаған көлік немесе жабдықты сатып алады да, оны келісімшарт негізінде пайдалануға береді. Ал кәсіпкер техниканы жұмысында қолданып, табыс табу арқылы төлемдерді кезең-кезеңімен өтейді.

Автолизингте төлем бір-неше бөліктен тұрады. Алдымен бастапқы жарна төленеді, ол көп жағдайда 10-20 пайыз шамасында болады. Одан кейін ай сайынғы төлемдер жүргізіледі. Бұл төлемдер көлікті пайдалану құнын, оның тозуын, сақтандыруды және лизинг берушінің өзге шығындарын қамтиды. Ай сайынғы сома лизинг мерзіміне байланысты өзгереді. Мәселен, жаңа көліктер үшін бұл айына 100-200 мың теңге көлемінде болуы мүмкін. Келісімшарт соңында қоры-

КӨЛІК

тынды сома төленеді. Осы төлемнен кейін көлік толықтай клиенттің меншігіне өтеді.

Қазақстанда жеке тұлғаларға арналған автолизингті бірқатар банк пен қаржы ұйымы іс жүзінде ұсынып отыр. Нарықтағы негізгі ойыншылардың қатарында ForteLeasing бар. Ол Kia брендімен серіктестік аясында автолизинг бағдарламасын іске асырған. Сонымен қатар Halyk Leasing те бұл бағытта жұмыс жүргізіп келеді. Бұдан бөлек, автолизинг бизнеске де қолжетімді. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге арналған бағдарламаларды Банк ЦентрКредит (БСС) секілді банктер ұсынып отыр.

ӨЗДІГІНЕН ЖҮРІП КЕТЕТІН ЖҮЙЕ ЕМЕС

Болашағынан зор үміт күттірген бағдарлама шын мәнісінде әлі кең түрде тарала қойған жоқ. Желтоқсанның бірінші жұлдызынан бастап қазірге дейін бар болғаны тек бір процесс іске асқан көрінеді. Ал содан кейін бағдарлама іс жүзінде біршама тоқтап қалды десекте болады. Сарапшылардың сөзінше, бұған негізгі себеп инфрақұрылым мен заңнамалық базаның дайын еместігі, сондай-ақ автокөлік лизингісін халық үшін қолжетімді етпейтін жоғары пайыздық мөлшерлеме.

Әлемдік тәжірибеде автокөлік лизинг компанияларын құрады. Ал Қазақстанда бұл іске банктердің араласуы қызмет құнын одан әрі өсіріп отыр.

— Банк араласқан сәттен бастап базалық мөлшерлеме, пайыздар, қызмет көрсету ақысы қосылады да, бұл мүлде тиімсіз схемаға айналады. Мұндай өнім

нарығының құрылымы мұндай құралға дайын ба, жоқ па, соны тексеруге бағытталды», — деп түсіндірді сарапшы.

Оның айтуынша, бағдарламаның іске қосылуына барлық банк дайын емес.

— Бұл «бір рет іске қосып, өздігінен жүріп кететін» жүйе емес. Тетікті қалыптастыруға болады, алайда нарықтың жаңа ұсынысқа бейімделуі үшін уақыт қажет. Оның үстіне, барлық банк автокөлік лизингімен жұмыс істеуге дайын емес. Себебі бұл бағытта жеке лизингтік құрылым, өзгеше қаржылық есеп моделі және арнайы даярланған мамандар керек. Одан кейін тағы бір басты мәселе баға саясаты нақты әрі түсінікті болуға тиіс. Тариф бірыңғай болса, әр банкте әртүрлі пайыз болмайды. Сонда адамдардың таңдауы айқын болады: көлікті қымбатырақ несиеге алу немесе арзанырақ лизингке рәсімдеу, — дейді ол.

АВТОЛИЗИНГТІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН КЕМШІЛІГІ

Qazaq Expert Club сарапшысы, қаржыгер Саида Тлеуленованың айтуынша, автоне-

салықтық жеңілдіктер бар, көлікті баланстан тыс қалдыруға болады әрі қаржы ағынын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Тағы бір маңызды тұсы — лизинг көлік паркін жаңартуды жеңілдетеді. Келісімшарт мерзімі аяқталған соң көлікті қайта қаржыландырусыз-ақ жаңасына ауыстыруға болады. Бұл нарықтағы өзгерістерге тез бейімделуге көмектесетіні сөзсіз, — дейді сарапшы.

Дегенмен таяқтың екі ұшы бар демекші, лизингтің де кемшілігі де жоқ емес.

— Бірден-бір кемшіліктің бірі — көлік толық өтелгенге дейін ол заң жүзінде лизинг компаниясына тиесілі болады. Сонымен қатар лизинг шарттары әрдайым түсінікті бола бермейді. Мысалы, қосымша қызметтер, сақтандыру талаптары немесе келісімді мерзімінен бұрын бұзу шарттары соңғы соманы ұлғайтып жіберуі мүмкін. Сол себепті кей жағдайда автокөлік лизингі дәстүрлі автонесиеге қарағанда қымбатқа түседі, — дейді Саида Тлеуленова.

БОЛАШАҒЫ БҰЛЫҢҒЫР МА?

Сарапшылардың пікірінше, алдағы бес жылда Қазақстандағы автокөлік лизингі нарығы күрт серпіліс жасамас, келешегі анық емес. Бұл дегеніміз келер жылдар сала үшін қалыптасу мен жүйелену уақыты болмақ.

— Лизингтің дәстүрлі үлгісі өзгеріске ұшырайды. Алдағы жылдары «бір ғана көлік» емес, қызметтер пакеті бар кешенді модельдер кең тарай бастайды. Яғни, лизингпен бірге техникалық қызмет көрсету, сақтандыру, сервистік қолдау ұсынылатын болады. Бұл клиент үшін ыңғайлы, ал компаниялар үшін ұзақмерзімді әріптестік орнатуға мүмкіндік береді, — дейді Саида Тлеуленова.

— Сонымен бірге лизинг компаниялары тәуекелдерді басқару мәселесіне бұрынғыдан да байыппен қарай бастайды. Қаржылық тәртіп күшейіп, клиенттің төлем қабілеттілігіне, келісімшарттың ашықтығына және ұзақмерзімді жоспарлауға басымдық беріледі, — дейді сарапшы.

Осылайша, қазір автокөлік лизингі нарығы әлі де шектеулі күйінде қала бермек. Жылдар бойы оның көлемі ондаған миллионнан бірнеше миллиард теңгеге дейін құбылып отыруы үлкен алаңдатушылық әкеліп отыр. Қолда бар статистика да жеке азаматтарға арналған, түсінікті әрі қолжетімді бағдарламасыз тұрмыстық көліктерді жалға беру нарығының қалада да, ауылда да тұрақты дами алмайтынын көрсетіп отыр. Сарапшылардың пікірінше, нақты ережелер бекітіліп, пайыздық шарттар айқындалып, нормативтік тетіктер толық қалыптаспайынша, бұл өнімге жаппай сұраныс болады деп күту қиын.

ЛИЗИНГ

ТИІМДІ МЕ?



Тағы бір маңызды тұсы — лизинг көлік паркін жаңартуды жеңілдетеді. Келісімшарт мерзімі аяқталған соң көлікті қайта қаржыландырусыз-ақ жаңасына ауыстыруға болады.

ешкімге қажет емес, сондықтан оны ешкім пайдаланбайды, — дейді автосарапшы Арсен Шакуов.

Оның ойынша, автокөлік лизингі механизмінің өзі Қазақстан нарығы үшін жаңашылдық.

— Автокөлік лизингі тұжырымдамасы Қазақстан үшін жаңа. Оны жүзеге асыру үшін заңнамалық база кем дегенде толық жұмыс істеуі керек. Іске асырылған жалғыз жағдай, бәлкім, кіріспе, пилоттық жоба болуы әбден мүмкін. Ол қаржы

сиен салыстырғанда лизингтің артықшылықтары біршама.

— Ең алдымен, бұл бастаманың икемді құрал екенін айтып өткім келеді. Яғни, адам көліктің толық құнын бірден немесе ұзақ жылдар бойы өтеуге міндетті емес, тек оны пайдаланып жүрген уақыты үшін төлейді. Соның арқасында ай сайынғы төлем де салыстырмалы түрде жеңілдейді. Әу баста лизинг деген дүниенің бизнес өкілдері үшін тиімділігі көп болатын. Өйткені ол жерде

ТҮЙТКІЛ

17 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБАЙ



Елдер ҚАБА (қолжазба)

ЖЕКЕ МЕКТЕПТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЖАҢА РЕФОРМА

Үкімет биыл жеке білім беру мекемелерін қаржыландыру тетіктерін қайта қарады. Салада алаяқтық деректері анықталыпты, сонымен күресті алға тартып, шенеуніктер түрлі шектеу енгізуді пысықтап жатыр. Себебі қазіргі бюджеттің мүмкіндіктері шектеулі. Сарапшылардың пікірінше, ақыр соңында жекеменшік мектеп ашу тиімсіз болып қалуы ықтимал. Жүздеген мектеп талапқа сай емес деп танылып, мемлекеттік қолдаудан айрылған. Саладағы жаңа реформа қандай өзгерістер әкелмек?

А Елдос СЕНБАЙ

Өткен жылдан бері Мәжіліс, Сенат депутаттары дабыл қағып, жеке білім беру ұйымдарының біраз қаржыдан қағылғанына, бюджеттік негізде қабылдап, тегін оқытқан оқушылар үшін бюджеттен қаржы төлеудің тоқтатылғанына Үкіметтің назарын аудартуға тырысумен болды. Бұл мәселеге Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылғы 5 қаңтарда «Turkistan» газетіне берген сұхбатында нүкте қойды.

Ол жекеменшік мектептердің иелері де ауқымды мемлекеттік субсидия алатынын тілге тиек етті. Барлық аймаққа жекеменшік мектептердің, балабақшалардың, оқу орталықтары мен үйірмелердің жұмысын қамтамасыз ету үшін «жан басына шаққандағы қаржыландыру» қағидаты бойынша қамқаты қаражат бөлу жүктелген.

— Ауқатты кәсіпкерлердің меншігіндегі және ата-аналары балалардың оқу ақысына көп ақша төлеп отырған элиталық мектептерге бюджеттен қаржы бөлінеді. Бұл саланы мемлекеттен қаржыландыру жүйесінің өзін реформалау керек. Министрліктің бұрынғы басшылары енгізген бүгінгі бұрмаланған тәртіп бей-берекеттікке әкеп соқтырады, себебі қазірдің өзінде қаражат жетпей жатыр... Жалпы, бұл — күрделі мәселе, Үкімет бұған назар аударуға тиіс. Мен лауазымды тұлғалардың мұндай жағдайға жол беріп қана қоймай, мемлекет мүддесіне қайшы келетін нәрселерді «өз қолымен» жасағанына таңғаламын, — деді Тоқаев.

Ол салаға жауапты мекемелердің жөнсіз іс-әрекеттері кесірінен білім беру саласында жеке кәсіпкерлік ұғымы бұрмаланып кетке-

ніне сенімді. Сондықтан Үкіметке ахуалды түзеуді тапсырды: «Бюджеттен қаржы бөлінбесе, әлеуметтік нысандардың қиын жағдайға тап болуы мүмкін екенін түсінемін. Бірақ жеке бизнесті түгелдей дерлік мемлекеттің мойнына артып қоюға болмайды», — деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Өз кезегінде Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» атты сұхбатында берген тапсырмаларын орындау шеңберінде жекеменшік білім беру және медициналық ұйымдарды мемлекеттік қаржыландыру жүйесін реформалау жөнінде жиын өткізді.

Онда Үкімет жетекшісі Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау және Қаржы министрліктерінің алдына жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесіндегі теңгерімсіздіктерді жою міндетін қойды. Атап айтқанда, О.Бектенов жекеменшік білім беру мекемелерін қаржыландыру тетіктерін қайта қарауды тапсырды. Яғни, жеке қолдағы білім ордаларына бөлінетін бюджет қаражаты оңтайландырылмақ.

Үкімет басшысы мемлекеттің сапалы және қолжетімді қызметтер көрсету бойынша міндеттемелерін ары қарай орындайтынын атап өтті. Алайда оқушыларға мемлекеттік мектептерде орын жетпейді. Қазақстан жыл сайын ондаған жаңа мектепті іске қосады. Бірақ еліміздегі мындаған мектеп негізінен кеңес заманында салынғандықтан, олар жыл сайын үлкен қарқынмен апаттық жағдайға жетіп, істен шығады. Сондай-ақ өрт, су тасқыны, дауыл және басқа апаттар салдарынан да жарамсыз болып қалғаны жетерлік.

Тиісінше, жаңалары ескілерінің орнын толтыра алмады. Мұны

Ұлттық статистика бюросы растайды: оның ресми мәліметіне сәйкес, ғасыр басында, 2001-2002 оқу жылында Қазақстанда 8 456 орта мектеп болыпты. 2024-2025 оқу жылында содан 7 920 мектеп қана қалған. Жарты мыңнан астам мектепке азайды. Бұл ретте 2001 жылы республика бойынша оқушылар саны 3 084 953 баланы құраған. Ал 2025 жылы оқушылардың саны тарихи рекордқа — 3 898 569 балаға жетті. Бұл елде оқушы орындарының жетіспеушілігінің артуына әкелді.

Ол тапшылық орын таба алмаған оқушыларды жекеменшік мектептерге орналастыру арқылы шешіліп келген. Жан басына шаққандағы қаржыландыру аясында олар бюджеттік шәкірттерді қуана қуана, құшақ жая қарсы алды. Көбісі тіпті мектеп ғимаратын кеңейтіп немесе қосалқы орынжайларды сынып кабинеті ретінде қайта жабдықтап, қосымша оқушыларды қабылдады. Бірақ бытырдан бастап, мемлекет жеке білім беру ұйымдарына берілетін бюджеттік қаражатты күрт шектеді: қосымша қабылданған балалар үшін енді қаржы берілмейді. Бұған наразы кейбір жеке мектеп қожайындары бюджеттік оқушылардан арылудың түрлі жолын қарастырып жатыр. Бірқатар ата-ананың алдына баласын ақылы бөлімге көшіру немесе мемлекеттік мектепке ауыстыру талабы қойылған.

Үкімет басшысы мемлекеттік білім беру мекемелерінде орын болмаған жағдайда жекеменшік ұйымда оқуға жан басына шаққандағы қаржыландыру қарастырылғанына назар аудартты. Десе де, бұл мүмкіндікті теріс пайдалану деректері тіркеліпті. Ол субсидия көлемін көбейту мақсатында оқушылар мен мұғалімдердің жасанды легі туындағанын, бұл өз кезегінде білім сапасына, сондай-ақ мемлекеттік шығындардың тиімді жұмсалудына теріс әсер ететінін нықтады.

Егер жеке мектептер бюджеттік оқушыларды жаппай қуып, онсыз да тапшылықтан тұншығып жатқан мемлекеттік мектептер желісіне қысым түсірсе, оларда дағдарыс туғызса, Үкіметте бұларды тәртіпке келтіретін тетік жетерлік.

Мысалы, жекеменшік білім беру мекемелерін лицензиялау тәсілдері қайта қаралып жатыр. Оның барысында Үкіметтің талаптарын орындамайтын, айтқанына сеніп, жетегіне жүрмейтін білім ордалары лицензиясымен қош айтысуы кәдік. Оқу-ағарту министрлігі, антимонополиялық агенттік тексерулер жүргізіп, олардың оқу ақысын шектен тыс көтергенін әшкерелеуі, басқа да жөнсіздіктер тауып, лицензиясынан айыруы мүмкін.

Премьер-министр О.Бектенов жекеменшік білім беру ұйымдарында оқу ақысы қымбат екенін қаперге салды. Ол мемлекеттік бюджет «элиталық» мектептердің қызметін қаржыландыруға жұм-

бір мемлекеттік мектеп бұл деңгейге жете алмауы мүмкін. Сондай-ақ олар түрлі үйірме-секция, кеңейтілген сабақтан тыс бағдарлама, бассейн, зертханалар, заманауи жабдықталған кабинеттер ұсынады, баланы нақты бір кәсіп пен спортқа бейімдейді.

Ашық дереккөздерге сәйкес, Haileybury Astana британдық мектебінде баланы ақылы оқыту бір жылға 9-дан 13 миллион теңгені талап етеді. Оның түлектері Ұлыбритания университеттері мен колледждеріне түсе алады. Cambridge IGCSE пен A-Levels халықаралық бағдарламасына құрылған Spectrum International School ақысы оқыту деңгейіне қарай 7-ден 9 миллион теңге аралығында құбылады. Miras International School жылдық ақысы — 4-7 млн, Nurorda School — шамамен 4,7 млн (+тамақтануына 740 мың теңге), Tamos Space School — 2,6-3 млн, Flagman Primary School — шамамен 2,8 миллион теңге сұратады.

Қаржы министрі Мәди Такиев жеке мектептерге мемлекеттік тапсырыс беру тетіктерін қайта қарау бағытында жұмыстар басталып кеткенін мәлімдеді. Ол осы салада проблема барын және оны шешу үшін жекеменшік мектептердің қаржыландыру процестері толық цифрландырылып, келісімшарттан бастап ақша төлеуге дейінгі қызметтерге төлемдер есепке алынғанын хабарлады.

Соның нәтижесінде, аз уақыт ішінде 55-ке жуық жеке мектеп бюджеттік қаржыландырудан қағылды. Мемлекеттік OtaBilim акпараттық жүйесінің 2026 жылғы қаңтардағы мәліметтеріне сәйкес, e-Qazyna.kz веб-порталында биыл 789 жеке мектеппен ғана 78,7 миллиард теңге көлемінде қаржыландыруға келісім бекітіліпті. Салыстырар болсақ, бытыр 845 мектеппен келісім жасалған еді. 2025 жылғы республикалық бюджеттен Оқу-ағарту министрлігіне мемлекеттік білім беру тапсырысын жекеменшік орта білім беру ұйымдарында орналастыруға 136,6 млрд теңге бөлінген-тін.

— Жалпы, бұрынғы жылдары қаржыландырылған 206 жекеменшік білім мекемесі белгіленген талаптарға сай келмейді деп танылды. Оқушылар мен мұғалімдердің қаржы және қосарланған есепке алу, рұқсат етілген жобалық қуаттан артық жүктеу және тағы басқа жағдайлар анықталды. Аудит барысында мынадай теріс үрдістер әшкереленді: 1 333 оқушы бір мектептен екіншісіне 5-тен 12 ретке дейін көшіп жүрген. 64 жекеменшік мектепте оқушылардың саны ғимаратының жобалық қуатынан екі есе артық болып шықты. 2024 жылы 167 жеке мектеп төл салықтық есептілігінде кіріс таппағанын көрсеткен, — деді министр Мәди Такиев.

Осыған байланысты Ішкі мемлекеттік аудит қызметінің аумақтық департаменттері арнайы хат жолдады, нәтижесінде мектептер 1,2 млрд теңге көлемінде салықты төледі. Бүгінгі таңда 46 мектепте қарсы тексерулер жүргізу жалғасқан.

Келесі кезеңде 6 887 мемлекеттік мектепті, балабақшалар мен университеттерді цифрландыру көзделген. Бұл қадам білім беру қызметтерін бюджеттен қаржыландырудың барлық циклінде толық ашықтықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп күтіледі.

ОЙТОҒЫС

17 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы Әлібек Асқаров 75 жасқа толды. Қатонқарағайдың әсем табиғатына сүйсініп, Алтай тауларының сұлулығын шығармасына арқау еткен жазушының ғұмыр жолы мен қаламгерлік қолтаңбасы – кейінгі буынға өнеге. 75 жылдық ғұмыр – ізденіске толы, еңбегімен еселенген, сөзімен салмақталған парасатты жол. Бұл қаламгерлік жолға жазушы қалай келді? Өкініші бар ма? Өткеніне оралғанда не ойлайды? Қаламгерге сауалымыз осылай басталды.

– Әдебиетке келуіңізге не түрткі болды? Білуімізше, сіз әуелі суретшілік жолды тандаған екенсіз.

– Шынын айтсам, о баста әдебиетте шатағы жоқ жанның бірі мен едім. Төрт жылдық Алматы көркемсурет училищесінде оқимын. Этнодигимізді арқалап, тау мен тасты кезіп, табиғатты бейнелеп жүрген көкірім жастар едік. Кейде зообаққа барып, аң-құстарды қағазға сызғылаймыз, екі арада бау-бақша мен көшенің пейзаждары, қатар жүрген достардың портреттерін саламыз. Өз басым сенбі-жексенбіде салып ұрып, Оралхан Бөкей ағамның үйіне барам. Ораған Айман жеңгем екеуі алғашында Николайск базарының артында кішкентай бір жарым бөлмені жалдап тұратын. Кейін Ленин (қазіргі Достық) даңғылы бойындағы «Алатау» қонақүйінің өр жағынан екі бөлмелі пәтерге ие болды. Қашан барсаңда сол жылдары Орағанның үйі қонақтан арылмайтын. Бір қызығы, ол заманда ауылдан келгендер ешқашан қонақүйге бармайтын. Танысының үйіне барып, жұмалап жамбастап жатып алатын. Оның бір себебі – Алматыда қонақүй аз, саусақпен санарлық қана, оған екінің бірінің қолы жете бермейтін. Қонақүй салдырап бос тұрса да, жоғарғы жақтың, яғни ЦК-ның телефоны арқылы ғана әуірімдеп орналасып жүрген жолаушылардың талайын көрдік.

– Сонда сізді әдебиетке қызықтырған Оралхан Бөкей болды ғой. «Жеті жетіммен» де аралас-құраластығыңыз сол кезде басталды ма?

– Ораған жаңа үй алған кезде ең бірінші танысканым көршісі Сағат Әшімбаев болды. Ол кісінің жұбайы Шәрбану біздің апайымыз екен. Сонынан «жеті жетім» атанған достарының бәрімен сол үйде жиі кездесіп жүрдім. Олар: Кәрібай Ахметбеков, Серік Әбдірайымов, Бексұлтан Нұржекеев, Кәдірбек Сегізбаев, Қуанышбай Құрманғалиев және Орағанның өзі. Бұл жетеуге төменгі қабаттағы көршісі Сағат ағамыз келіп қосылады. Әшірбек Сығайды да осы топтан жиі көретін едім. Бастары біріге қалса, үстелді күрегейлей отыра қалып карта соғады. Карта ойнап отырып, әңгімелері – тек әдебиет төңірегінде. Тіпті болмағанда театрдың жаңа қойылымдарын талқыға салып жатады. Батыс-шығыс жазушыларының мықты білгірі Сағат ағам әлемдік әдебиеттің жаңалықтарымен, жаңа шыққан кітаптар жайлы ой бөлісіп жатады. Бұлардың қоғамында суретшілер туралы әңгіме жоқ, галереяда жаңадан ашылған живопись

көрмесі туралы жұмған ауыздарын ашпайды. Ақыры мен амалсыз әдебиет туралы әңгімелеріне құлақ түруге мәжбүрмін. Бірде калқиып қасында отырған баланың суретші екенін естіген Сағат ағам «сен біздің газетке суреттер, штрихтар салып тұрсаңшы, давай, сен ертең бізге келіп кет» деп ұсыныс жасаған. «Кел» деген соң ертесінде салып ұрып, газет редакциясына бардым. Ол жерде мені секретариат қызметкері Жанат Елшібековпен таныстырды. Арада көп уақыт өткен жоқ, Жанат ағам мені өзінің туған інісіндей жақын тартып, бір-бірімізге бауыр басып кеттік. Алуан очерктер мен әңгімелерге суреттер салғызады. Олар жарқ етіп газетке шығып жатады. Осылайша, барған сайын газетпен байланысым нығая түсті. Бірде газеттің басшысы Сейдахмет Бердіқұлов ағамның өзі шақырып, үлкен бетке көлемді әрі саяси плакат-сурет салдырып, жеке тапсырма берді. Артынша ол ағамыз жауапты хатшы Серікке, сосын Жанатқа «бұл бала әлі студент екен, қарны ашып жүрмесін, былай саранданбай, қаламақыны баса қойыңдар» деп тапсырма берген көрінеді. Бастығы солай деп тұрған соң ағаларым аясын ба, содан бастап айымыз оңынан туып, қалтамыз шытырлаған ақшаға толды. Соның арқасында ол жылдары тұрмыстан ешқандай таршылық көргеміз жоқ. Ауыл шаруашылығы мен Мал шаруашылығы дейтін институттарда оқитын кластастарым, жерлестерім «Стипендия алғанша қарызға бере тұршы» деп менен жиі-жиі ақша сұрайтын болды. Бірақ солардың алған ақшаларын қайтарған кезі тағы есімде жоқ.

«Бардан ауысады, балдан жұғысады» дегендей, жүре келе мен де бірденелер жаза бастадым. Жазда каникулға ауылға кетерде Жанат ағам «Әй, бауырым, сендердің ауылдарың бұғы бағады деседі ғой, сен газетке бір суреттеме жазып ала келсеңші?» деп тапсырма беріп жіберген. Шамам келгенше бірдеңе жазған болдым, ол жарқ етіп газетке шығып кетті. Сонынан суретшілер туралы мақалалар жазып, қолымды жаттықтыра бастадым. Кейінірек Оралхан мен Сағат «Жұлдыз» журналына ауысып кеткен еді. «Лениншіл жастан» таныс ағаларым «маған марал туралы жаз» деп журнал үшін тапсырма берді. Сол тапсырмамен «Маралдар маңып барады» деген көлемді очерк жазып шықтым. Ораған ол жазғанымды редакцияламапты, ештеңесін өзгертпепті, тек очерктің ең соңына «әлдеқайдан тарс етіп мылтық дауысы шықты» деген жалғыз сөйлемді қосыпты.

Жазу-сызуға келген алғашқы жолым осылай басталған еді!

– Алғаш жарық көрген шығармаңыз қандай еді? Ол жылдары кез

келген шығарма (туынды) әдеби сыннан өтетін. Белгілі жазушылар бағыт-бағдар беретін еді. Суретшілікті тандаған жанның әдебиетке келуіне кім бетбұрыс жасады?

– Жетпісінші жылдардың ортасында Алматыда жас жазушылардың республикалық кеңесі өтетінін естідім. Байқасам – менің қаламгер достарым да, таныстарым да ала шапқын, әлдебір ұлы-жінгір оқиғаға дайындық үстінде жүр.

Сұрастырып білсем, кеңеске қатысу үшін көркем бір дүние жазып ұсыну керек екен. Ондай тәртіпті естіп алдым да, мен де дереу өзімше әңгіме жазып, комиссияға ұсына қойдым. Ұсынғаныммен, мен пақыр «штаттан тыс» сырттан кірген бөтен жан екем, секция жетекшісі Зейнолла Қабдоловтың кең пейілімен ғана қабылдандым.

Секцияда алты-жеті жас қаламгердің жазғандары талқыға салынды. Есімде қалғаны – бізден жасы біршама үлкен ағамыз Мархабат Байғұт пен Дидахмет Әшімхан досымның әңгімелері мақталды. Ең соңында, «штатта жоқ» мен қалдым. Бұрқыратып жазға-

нымды сыдыртып оқып шықтым. Бөлме іші танадай тыныштық, бәрі үнсіз. Тегі менің жазғаным мына жұртқа қатты ұнап, тілдері байланып қалған шығар деген де ой келді. Не заматта Қалихан ағам орнынан тұрып, Зейноллаға қарап бір күрсініп алды да: «Зеке, бұл жігіт менің інім еді. Суретшілер училищесінде оқиды. Рұқсат етсеңіз, байлам сөзді мен айтайын?» деді. Мен жүрегім лүпілдеп, ағамнан бір мақтау сөз күтіп тұр едім: «Әй, бауырым, басты қатыратын жазғыштар сенсіз де бізде жетеді. Сен, әйда бар, әдебиетте шатағың болмасын, суретінді сал да жайына жүре бер!» дегені. Арғы шеттегі орындықта өзі сырықтай арық, біздің секцияның тағы бір мүшесі отырған, сол кісі отқа май құйғандай: «Қалекке, жөн сөз айтып тұрсыз, бұл жігіт бұл жерге әдебиетті қалпақпен қағып алайын деп келген сияқты?» – деп мұртын сипап өтті.

Қаным басыма шапшып, енді жазушы атаулыны желкемнің шұңқыры көрсін деп, қағаз-қаламымды жинап есікке беттеп бара жатыр едім, Зейнолла ағам тоқтатты. «Сен суретші екенсің ғой? Ал суретшінің көзқарасы басқаша болады. Қалихан өз ағам болған соң айта береді. Сен ағамның сөзін көңіліне ауыр алма! Тоқтамай да, тоқырамай да жазса бер, шырағым!» – деді.

Мен, осылайша, талан-таражға түспей аман қалдым.

Зейнолла ағамыз біліп айтыпты. Жасында суретшіліктен алған білімнің бәрібір өз ыңғайына қарай бұра береді екен. Дүниетанымым да, көзқарасым да сол ыңғайда қалыптасады екен. Әлі күнге адамның бетіне қарасам – жарық пен көлеңкенің қалай түсіп тұрғанын қызыға байқап тұрасың. «Шіркін, мына кісінің келбетінен портрет жазып жіберсе» деп ойша құлшы-



Әлібек АСҚАРОВ, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

Әдебиетке ғұмырлық

нып тұрасың. Әсіресе, күз айларында орман-тоғайды аралағанда пейзажға қатты қызығамын. Күз табиғатына қарасаң көзің тоймайды! Бояудың алуан түрін көресің, бір ғана сары бояудың өзі нешеме реңкпен құлпырып кетеді! Сол көріністерді суретші ретінде жан жүрегіммен сезінген мен табиғатты төгілтіп сөзбен жазуға да машықтанып алдым. Көре білген жанға табиғат палитрасы деген көркемдіктің көкесі, ертегідей ғажап әлем ғой!

Секцияда алты-жеті жас қаламгердің жазғандары талқыға салынды. Есімде қалғаны – бізден жасы біршама үлкен ағамыз Мархабат Байғұт пен Дидахмет Әшімхан досымның әңгімелері мақталды. Ең соңында, «штатта жоқ» мен қалдым. Бұрқыратып жазғанымды сыдыртып оқып шықтым.

– Оралхан Бөкей «Біздің жақта қыс ұзақ» деп еді. Сіз «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді» дейсіз. Өр Алтайдың биігі сұлу болғанымен, етегіндегі халықтың әлеуметтік мәселесі азаймай тұрған секілді. Бұл шығармаңыз шыққанда ағаларыңыз қандай баға берді?

– Сексенінші жылдардың соңына қарай Горбачевтың «қайта құру» дейтін лаңы басталғанын білесіздер. Артынша ғасырлар бойы аңсаған егемендік тізгіні қолға тиіп, қазақ қоғамы социализмнен бірден капиталистік қатынастарға қарғып кетті. Содан біздің ағайын капитализм дегеннің жөні осы екен деп, нарық дегеннің жолы осы екен деп, бел шешіп, білек сыбанып жаппай жекешелендіруге кірісті. Қысқа мерзімдік жарыс басталды. Колхоз-совхоздар таратылды, қора толы қоғамдық малды ауылдас-тарға қыл үстінен бөліп, үлестіріп тастады. Ауылдастар мұндай бө-

лісті – көкпен түскен тегін олжадай көріп, жаппай сойысқа кірісті. Қонақ шақыру, той-томалақ көбейді. Өзіміз де куәміз, бір қой екі бөтелке араққа «бартерге» айыр-басталып жатты.

Сол жылдары Катонқарағай ауданының әкімі Жәнімхан Құндызбаев бірер қора қой мен жылқыны жасырып, алыс бір таудың қойнауына айдатып, сырт көзден жасырып қалыпты. Әкімнің сол қулығын жылға жеткізбей бір қазақ біліп қойып, үстінен домалақ

арыз жазып жіберіпті. Оны естіген облыстың басшысы «Үкіметтің саясатын түсінбеді, тапсырманы орындамады» деген сылтаумен Жәнімханды орнынан жұлып тастағанына біз де куәміз.

Кейін Жәнімхан ағамнан сыр тартып, көп малды неғып өйтіп жасырып жүргенін сұрадым. Сонда ол кісі басын бір шайқап алды да, баяғыдағы «жаппай жүгері егіндер» деп ұрандатқан Хрущевтің заманын мысалға келтірген. Сол сияқты «жекешелендіру» деп жалаулатқан бұл шу да бір күні басылар, заман өзгерер деп үміттеніпті Жәкен. Соның ақырын шыдап күтіп, уақытша жасыра тұрса, түбінде әлгі қоғамның малын өкіметке қайта қайтармақ болыпты.

Мен «Өр Алтай» романында ел тарихының осы бір дүбәра кезеңдегі алуан оқиғаны қамтуға тырыстым.

– Осы оқиға сіздің роман жазуыңызға себепкер болды ма?

ОЙТОҒЫС

17 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

— Егер романның жазылу жайын таратып айтсам, ол былай болды...

Қазақ елі Тәуелсіздік тізгіні қолына тиісімен Абайдың 150 жылдық тойына дайындыққа кірісіп кеткенін бүгінде біреу біледі, біреу білмейді.

Тойға дейін әлі төрт жылдан астам уақыт бар-ды...

Бұл тосын идея, алдын ала бұл дайындық — сол кездегі вице-премьер Мырзатай Жолдасбеков ағамыздың бастамасы-тын. «Тәуелсіз ел болған екенбіз, ендеше Қазақстанның да, қазақтың да атын жалпак Әлемге Абай арқылы танытуымыз керек» деп облыс басшылары мен министрлерге, шетелдерде жүрген дипломаттарымыз бен зиялы қауым алдына міндеттер қойып тастағаны біздің де жадымызда.

дері. Былайша айтқанда, «әркім өз күлшесіне күл тартқан заманға» тап болыппыз. Мен үшін осы тосын, жат көрініс Мұрат ағамыздың «Абай жолының» қалай жазылғаны туралы әлгі әңгімесін еске түсірген. Болмаса да ұқсап бақ деген ғой, ендеше «бір кездегі аңкылдаған ауылдастарымның жаймашуақ тірлігін мен неге жазбасқа» деген ой келген. Роман идеясы солай туды. Осылайша, «Өр Алтай, мен қайтейін биігінді» деген атпен нарыққа кіріп жатқан ауыл тірлігін бейнелеген роман жеке кітап болып «Білім» баспасынан көп таралыммен жарыққа шықты. Содан бері бұл роман қазақ тілінде он мәрте, орыс тілінде үш рет, сосын ағылшын тілінде басылыпты.

— **«Жазушының кейіпкері — өмірдің өзі, яғни қаламгердің өз өмірінен алынады»** дейді. Сіздің

ауыл тұрмысының рухында, кейін өзім көрген, араласқан ағаларымды еске ала отырып, үзіп-жұлып жазып шыққан дүние. Орыс әдебиетінде мұндай жанрды «повествование в рассказах» деп жатады. Мен бұл романда «ағаларым оқып қалып, бәле салып жүрер» деген қауіппен көпшілік кейіпкерлердің аты-жөндерін өзгертіп алғаным рас. Қауіп келмес деген кейбірінің ғана аттарын өзгертпей, іс-әрекеттерін сол қалпында жасырмай қағазға түсіргем. Соған байланысты кейін бір қызық жағдай болған... Кезінде ел басқарған, тәуір қызметтер атқарған, сөйтіп қартайып зейнетке шыққан бір ағамыз әлдебір жазда ауылға барғанда томпаңдап маған реніш білдіргені бар. «Өзекті жанға бір өлім, біз де мәңгі емеспіз, сен неге әлгі кітабыңда менің атымды тура жаза салмадың? Тым болмаса атым тасқа басылып қалар еді ғой!» деп базына айтсын... Қайтеміз, ағамның ренішін мойындап, басымызды атша шұлғып, үнсіз көтеріп алдық.

Негізі, мен жазған «Социализм хикаялары», «Әйел парасаты»

адалдық - ұстаным



Осы Абай тойына дайындық жөніндегі комиссияның бір отырысында мәдениеттанушы білімдар ағамыз Мұрат Әуезовтің бір толғамы есімде қалыпты. Ол өз әкесі Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясына қалай кіріскені туралы, оған не себеп болғанын сыр еткен. Сондағы ұққанымыз — бір кездегі қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған, түрме деген болмаған қазақ сахарасының мәрт өмірі келмеске кетіп бара жатыр. Әсіресе, он жетінші жылғы төңкеріс қазақ қоғамын танымастай өзгертіп жіберді. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан қарым-қатынасына ақау түсті, тіршілігі бұзылды, тірлігі ұсақтап кетті. Сол заманның куәгерінің бірі Мұхтар Әуезовтің өзі еді. Әуезов төңкеріске дейінгі қазақтың өмір-тіршілігін көркем тілмен кейінгі ұрпаққа жеткізбек ниетте болды.

Мұрат ағамның айтқан осы сөзі мені үлкен толғанысқа қалдырған... Токсаныншы жылдардың басы ғой, жазда жайраң қағып ауылға барамыз. Туған ауылымызды біз баяғыдай көріп жүрсек, бұлардың мінездерінде үлкен өзгеріс пайда болыпты. Доп қуалап бірге өскен достардың бұрынғыдай арсалаңдап бізді қарсы алуы жок, әркім күйбеңдеп өз шаруасынан қолдары босамай жүрген-

кейіпкеріңіз кім? Қоғамда бар адамдар ма?

— Жасымызда жата-жастанып, Паустовскийді оқыдық. Бұл жазушының өмір шындығын сол қалпында, сазды музыкадай сызылтып көркем сөзге түсірген асқан шеберлігін үлгі тұттық. Мөлдіретіп табиғатты суреттеуді жеркезбе геолог Григорий Федосеевтің жазбаларынан үйрендік. Кейін рухы өзімізге жақын Виктор Астафьевті ұстаз санадық. Сол Виктор Петровичтің ертеде теледидар экранынан бір айтқаны мәңгі есімде қалыпты... Үй салу үшін алдымен оның төрт жағына төрт дінгек орнатады. Көркем проза да солай, ол жазушы қалаған үй секілді. Сол үйдегі төрт дінгектің екеуін ойдан шығарсаң да, екеуін... тым болмағанда біреуін тіреу етіп қалдыруға тиіссін. Егер өйтпей, өзіңше бәрін ойдан шығарсаң — ол жазғаның ешкім сенбейтін, ешкімді иландыра алмайтын, өмірдің шындығынан алшақ ертегі немесе фантастика болып шығады. Сондықтан прозада жазушы қара жерден алшақтамауға, одан кіндігін үзіп алмауға тиіс дегендей ой өрбіткен.

Астафьев айтқан осы қағидаты мен мықтап ойымда сақтап қалыппын. Содан да шығар, «Өр Алтайда» ойдан шығарылған кейіпкер жок. Бәрі де жасымнан естіген әңгімелердің желісімен,



Мұрат ағамның айтқан осы сөзі мені үлкен толғанысқа қалдырған... Тоқсаныншы жылдардың басы ғой, жазда жайраң қағып ауылға барамыз. Туған ауылымызды біз баяғыдай көріп жүрсек, бұлардың мінездерінде үлкен өзгеріс пайда болыпты.

сияқты әңгімелер циклының бәрінде деректік сипат бар. «Сен осыны жазшы» деп әр жылдары Акселеу Сейдімбек, Мұхтар Құл-Мұхаммед, Илия Жақанов, Қырымбек Көшербаев, Талғат Мамашев, Максұт Темірбаевтар әңгіме-повестердің жалпы сұлбасы мен сюжеттерін айтып берген. Сондықтан бір нәрсенің басы ашық: менің жазған азын-аулақ дүниелерімде саусақты сорып, басты қатырып бақайға қарап,

шыли ойдан құрастырылған шығарма жок!

— **«Тәуелсіз заманда жазушылар шығармаларын қайта жазса, мүлдем басқа болар еді»** деген пікірлер де арагидік айтылып қалады. Дегенмен 18-19 ғасырда жазылған әлем әдебиетінің классикалары әлі күнге оқырманның сұранысына ие. Әдебиетті қайта жазу қажеттілік деп санайсыз ба? Мәселен, сіз қайта жазар ма едіңіз?

— Адамзаттың даму қоғамын ойша саралап көрсеніз, коммунистер билігінің заманындай қауіпті заман да, қоғам да болмаған сияқты. Әсіресе, сталиндік тоталитарлық зар заманды айтам. Тіпті сонау орта ғасырдағы алаңға шығарып адам өртеген инквизиторлар да ондай сорақы болмаған шығар. Ама! бар ма, егер ашық демократиялы елде өмір сүрген болса, Мұхтар Әуезов «Абай жолын» басқашалау жазуы әбден мүмкін еді ғой! Шәкәрімді тұмшаламай-ақ ашық жазып, мақта-нышпен халқына атын жаяр еді. Онсыз да қарауылдың ұшына ілініп тұрған ұлы жазушымыз жан-жағына жалтақтап, қысылып-қымтырылып, ертеңгі таңның атуынан үмітін үзбей, ұдайы алаңдаумен жазды. Олай етпесе, ол заманның билігі Әуезов дегеннің атын қазақтың санасынан өшірер еді, ол жазған романды оқымақ түгілі, естімес те едік.

Шүкір, ол заман бүгінде келмеске кетті... Қазір қаламгер атаулы еркіндікте, қалай жазам десе де жолы ашық. Батыс-шығыс әдебиетінің озық үлгілері қолында. Шет тілдерін білетін бір қауым қазақ жастары да өсіп келеді. Сол жастардың кейбірі көркем дүниесін мақаланың қара тілімен жаза-тындары ғана қынжылтады.

Бір азаматқа осы тілге байланысты сын айтып едім, «бұл заманда ең бірінші терең ой айту керек, қазақ тілі — екінші планда. Менің әңгімем шет тіліне аударылғанда жайнап салады» дегені бар. Ол жігіт қазақтың үйін салғанда кірпішіне қарамайтынын сездірді. Оның үйіне шеттен келіп, біреулер кіріп жатса, өздері өз ыңғайларына қарай жөндеп алар дегендей ой қалдырды.

— **Әдебиет қоғамды өзгерте ала ма, әлде?**

— Әдебиеттің қоғамды өзгертен алтын замандары өтіп кеткен сияқты. Қазір бәрінің қолында смартфон, үйде теледидар... Бүгінгі қоғамдық сананы өзгертіп жатқандар, міне, осылар шығар деген ойдам. Алайда мені жастардың әлеуметтік желіге соншалықты үйірсек болып кеткендері алаңдатады. Балалардың далаға шығып ойнауы да, табиғатты қызықтап серуендеуі де азайып кетті. Қашан көрсең телефонға жабысып, шұқшиып отырғандары. Әлеуметтік желі бүгінгі заманның ұлы жаңалығының бірі, өмірдегі игіліктің бір көзі екенін мойындаймыз. Одан іздеген ақпараттың да табатынын тағы рас. Бірақ ғалымдар оның адамға тереңдеп білім бере алмайтынын жалықпай айтып жүр. «Абай жолы» секілді төрт томдық кітапты телефоннан оқып шығу мүмкін емес қой! Оқидың десен, ақыры соқыр боп шығасың. Сондықтан игіліктің бәрін ретімен, жөнімен пайдаланған дұрыс. Кітаптың орны бөлек

екенін жастарға уағыздаумен жүрген кісінің бірі мына менмін.

— **«Тауды ерекше жақсы көрем»** дейсіз. Суретшіліктен бөлек, альпинизммен айналысқыңыз келмеді ме?

— Тау десе елендеп, басына шыққым келіп тұратын әдетім бар менің. Анау жылдары Шабанбайдың төрінде Әлібек Қаңтарбаев пен Ерен Жұмағұлов, сосын жазушы Қайырды Назырбаев төртеуіміз жер аралап жүргеміз. Бір биікте тізгін тежеп, мен қарсыдағы қарлы шыңдарды қызықтап, суретке түсіріп, топтан біршама уақыт қалып қойыппын. Олар бір сайда мені тыпыршып, тағатсыз күтіп тұр екен. Қаңтарбаев көкем маған тесіле қарап, тандана басын шайқады да: «Тау десе, осы сенде айықпас дерт бар шығар?» деп шырты түкіріп, түңіліп кеткен.

Әлекеңнің ол түңілісінде шындықтың бары рас еді. Мұзтауға да шықтық, өзге де шың жоталардың біразын шама жеткенше араладық. Эвересті тұңғыш бағындырған шерп Норей Тенцигтен бастап, өзіміздің Қазбек Исмаилов, Анатолий Букреевке дейінгі көптеген альпинистің жазбаларын оқыдық. Содан ба, альпинист болмағаным кейде өкінетінім де бар. Бергі Алтайда мен бармаған тау, мен баспаған сай жоқ шығар деп ойлайтыным. Сөйтсем, Ресей, Қытай, Моңғолия шекараларының түйісінде бір ғажайып жердің барын естіп, алдыңғы жылы салт аттармен соны көктей жүріп өттік. Нәтижесінде, «Саңал таулар, саумал белдер, сағал жондар» атты кітап шығардым. Былтыр жайлауда балық өрлеген шаманы арнайы күтіп жүріп, маусымның басында Шәңген көліне бардық. Шәңгенге жалғыз-ақ өзен құяды екен. Сол өзенге үлкен көлдің миллиондаған балығы уылдырық шашуға шығады. Білетіндер «бұл ғажайып процесс бір апта, әрі кетсе он күнге ғана созылып, сосын балықтар көлге қайтып кетеді» десті. Кішкентай өзенде қарақұрым балықтың өрлеп бара жатқанын қызықтау да бір ғанибет, мәңгі есте қалатын көрініс болды. Сонынан бұдан мындаған жыл бұрын жанартау атқылаған «Коронная» дейтін шыңға шықтық. Сол сапардың әсерінен тағы бір табиғат туралы кітап жазам деп жобалап едім, тау биігінен етекке түскен кезде сол көзіме қан құйылып кетті. Содан ала жаз, қоңыр күз бойы көзді емдетіп, Астанада байланып шыға алмай қалдық. Осы сапар маған баяғы бозбала шағым емес екенін, шошандап тауға шыға беру бұл жасымда қауіп екенін ескерткендей болды. Осы соңғы Алтай сапары туралы біраз қажет материалдарды, тарихи шегіністер мен тұжырымдарды жинақтап қойдым. Қазір жобада бәрі әзір, өзім де толғанып бәріне дайынмын. Ендігісі — алдағы жоспарлы іс-шаралар бір ретке түскен соң, бұрқыратып жазу ғана қалды.

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

МӘСЕЛЕ

17 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

ШЫҒУ ТАРИХЫ ҚАНДАЙ?

«Бостон некесі» термині XIX ғасырдың соңында АҚШ-та пайда болды. Ол кезеңде бұл ұғым романтикаға да, дәстүрлі неке моделіне де қатысы жоқ әлеуметтік құбылысты білдірді. «Бостон некесі» деп ер адамға тұрмысқа шығып, үй шаруасы мен бала тәрбиесіне толық тәуелді болудан бас тартқан, білімді әрі экономикалық тұрғыдан дербес әйелдердің одағын атады. Жалпы, XIX ғасыр-

лады. Роман екі әйелдің ұзақ уақыт бірге тұратын желісін кең аудиторияға танытты, бірақ терминнің өзі роман мәтінінде сөзбе-сөз кездеспейді. Оксфордтың ағылшын тілі сөздігі бұл сөз тіркесінің ең ерте белгілі жазба қолданысын 1893 жылдан бері деп көрсетеді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында мұндай бірге тұру кей ортада табиғи әрі сыйлы көрінгенімен, ал 1920 жылдардан кейін күдік пен таң-

әйелдің өмірін шектейтін нормаға айнала бастады, ал кей әйелдер мансаптан, шығармашылықтан, қоғамдық белсенділіктен айырылып қалмау үшін тұрмыстың өзге моделін тандай бастады. Әйелдер арасындағы қолдау желілері күшейе түсіп, сол дәуірде әйелдердің өзара қамқорлығы, хат алмасуы, бірін-бірі сүйеуі мен қорғауы әлеуметтік тұрғыдан «қалыпты» құбылыс ретінде кең таралды, — дейді феминист.

күйеуім алимент те төлемей кетті. Ал кішкентай баламен жұмыс таба алмайтыным анық қой. Туысқан әпкем де пәтер жалдап жүрді, өзі оқиды, өзі жұмыс істейді. Екеуміз ақылдасып, бірге тұруды шештік. Бір жылдан асты, пәтерақыны бөліп төлейміз, қалған шығындарды да теңдей бөлісеміз. Күндіз мен баламен үйдемін, кешке әпкем келген соң ол қарайды, түнде де қалады. Сол кезде мен түнгі ауысымға жұмысқа шығамын. Үй шаруасын да бірге істейміз. Шынымды айтсам, біз бір-бірімізге тірекпіз, — дейді Жанель.

Мамандардың айтуынша, мұндай одақтар отбасылық институтқа балама емес, бірақ әлеуметтік бейімделудің бір жолы. Бұл — жалғыздықты жеңу, жауапкершілікті бөлісу және балаларға тұрақты орта қалыптастыруға деген ұмтылыс. Әкесі жоқ болса

бірақ екі студент құрбының бір шаңырақ астында өмір сүруін біз «бостондық неке» демейміз, себебі ол өзгелерден қаржылай да, эмоционал да тәуелсіз болуға ұмтылатын әйелдердің бір пәтерді бөлісуі. Қазіргі құқықтық және әлеуметтік тілге аударсақ, «бостондық неке» бізге бір нәрсені анық көрсетеді, ол ересек адамдардың бірге тұруы тек «сезім» емес, құқық, қауіпсіздік және әлеуметтік кепілдік мәселесі де бола алады. Баспананы рәсімдеу, ортақ мүлік, мұрагерлік, науқастанғанда күтім, медициналық ақпаратқа қолжетімділік, зорлықтан қорғану сияқты нақты өмірлік блоктар балама «неке» түрін іздеуге мәжбүрлейді, — дейді құқық қорғаушы, феминист Әйгерім Құсайынқызы.

«Бостондық некеде» тұрған әйелдерді шартты түрде бірнеше типке бөліп қарастыруға болады. Біріншісі — жалғызбасты аналар. Олар үшін басты мақсат — балаларға қауіпсіз орта қалыптастыру, шығынды азайтып, бір-біріне қолдау көрсету. Екіншісі — тұрмыс құрмаған құрбылар. Олар жалғыз қартайғаннан гөрі бірге өмір сүріп, бірін-бірі серік болғанды тандайды. Үшіншісі — ажырасудан кейін отбасылық өмірден түнілген, бірақ қоғамнан оқшауланғысы келмейтін әйелдер. Бұл топ үшін «бостондық неке» — психологиялық қауіпсіздік аймағы.

ОНЫ БАСКАША АТАУ КЕРЕК

Алайда қоғамда ең көп дау тудыратын мәселе — атаудың өзі. «Неке» сөзі қазақы әрі исламдық дүниетанымда ер мен әйелдің қасиетті одағы ретінде қабылданады. Сондықтан екі әйелдің бірге тұруын «неке» деп атау көпшілікке түсініксіз, тіпті қарсы реакция тудырады. Шын мәнінде, бұл қатынастардың неке институтына еш қатысы жоқ.

— «Бостондық неке» біздің дінімізде де, менталитетімізде де жоқ. Жалпы, бір жынысты некені ешқандай дін қолдамайды. Қоғамда «Бостондық неке» — екі әйелдің жыныстық қарым-қатынасыз бір шаңырақ астында өмір сүруі деген пікір кең талқылануда. Бірақ бұл ұғымның батыс елдері менталитетінен келгенін ұмытпауымыз қажет. ЛГБТ ұйымы «Бостондық неке» ұғымы арқылы астыртын өз сенімдерін таратуы да мүмкін. Сондықтан бүгінгідей ақпараттық заманда кез келген ұғымға сүзгімен, күмәнмен қарау керек. Жалпы, шарияғатымызда еркек пен еркектің, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасқа баруы — харам. Бұл азғындықтың ең ауыр түрінің бірі. Олардың ақыреттегі жазасы өте ауыр. Бұл адам баласының жаратылысына қайшы келетін арысздық, — дейді Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы, шарият және пәтуа бөлімінің маманы Елбек Тасболатұлы.

Ендеше қоғамға түсінікті болу үшін бұл құбылысқа балама атау қажет сияқты. Мәселен, «әлеуметтік серіктестік», «тұрмыстық одақ», «ортақ өмір форматы» немесе «бірге тұру келісімі» секілді атаулар оның шынайы мәнін дәлірек ашар еді.

«БОСТОНДЫҚ НЕКЕ»: БОЛМЫСЫ БӨЛЕК ҚҰБЫЛЫС

Жақында елге белгілі бір азаматша өзінің «Бостондық некеде» тұратынын жария етті. Ол осы арқылы өз құрбысының өмірін құтқарып, жалғыздықтан арашалап алғанын айтыпты. Жалпы, «Бостондық неке» ұғымы көп адамға таныс тақырып емес. Сондықтан мәселе жөнінде аз-кем талдап көруді жөн санадық.



ОТБАСЫҒА БАЛАМА ЕМЕС

Иә, «бостондық неке» алғашында екі шығармашылық, білімді әрі еркін ойлайтын әйелдің саналы тандауы ретінде тарихта қалды. Бұл — ер адамға тәуелді болмауды, тұрмыстық міндеттермен шектелмеуді қалаған зиялы қауым өкілдерінің одағы еді. Ал бүгінгі «бостондық неке» мүлде басқа сипатқа ие. Қазір бұл — әлеуметтік қиындықты, жалғыздықты, өмірдің ауыртпалығын бөлісіп, бір-біріне тірек болып, бірге қартайғысы келетін екі құрбының тандауы.

балау күшейіп, ашық бірге тұру азая бастағаны туралы қорытынды берілетін еңбектер бар. Бұл құбылыс Бостон манындағы білімді, кәсіби ортадағы әйелдер арасында кеңірек байқалғаны айтылады. Тіпті, Уэлслей сияқты тек әйелдер колледжінде мұндай бірге тұру соншалық жиі болғандықтан, оған бөлек «Уэлслей неке» деген атау да қалыптасқаны белгілі, — дейді құқық қорғаушы, феминист Әйгерім Құсайынқызы.

Оның айтуынша, қоғам ұзақ уақыт басы бос екі әйелдің бірін-бірі сүйеп, қолдап бір үйде тұрады деген түсіндіруге көнген, кейін

Көктем ҚАРҚЫН

дың соны — әйелдердің қоғамдық өмірге белсене араласа бастаған кезені. Жоғары білім алған, мұғалім, жазушы, қоғам қайраткері болған әйелдер үшін неке көбіне мансап пен жеке еркіндікке кедергі еді. Сол себепті олар тұрмыстық міндеттерді бөлісетін, бірақ заңды неке мен ер адамға тәуелділікті жоққа шығаратын бірге өмір сүру формасын тандады.

Терминнің «бостондық» деп аталуына да себеп бар. Дәл Бостон қаласында әйелдер колледждері көп болды, ал қала прогрессивті көзқарасымен танылды. Осында бірге тұрған, өз еңбегімен күн көрген, қоғамдық өмірге белсенді араласқан әйелдер саны айтарлықтай көп еді. Уақыт өте келе «бостон некесі» ұғымы тарихи феномен ретінде сипатталып, оның мәні өзгерді. Бірақ оның түпкі идеясы — әйелдің тандау еркіндігі, экономикалық дербестігі және дәстүрлі отбасылық модельден тыс өмір сүру құқығы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

— Мұндай одақтардың сипаты әртүрлі болған: бірінде терең достық, бірінде ұзақмерзімді серіктестік, бірінде романтикалық жақындық болуы мүмкін. Бірақ атаудың өзі қатынастың интимдік жағын автоматты түрде дәлелдемейді. Қоғамдық-мәдени танымал болуына 1886 жылғы Хенри Жеймстің «Бостондықтар» атты романы ықпал еткені жиі айты-

моральдық бақылау қатайғанда міндетті түрде жыныстық астары бар деген күдік алға шыққан.

— Феминистік түсіндіруде бұл құбылыс ең әуелі «сезім» емес, тәуелсіздіктің әлеуметтік инфрақұрылымы тұрғысынан айтылады. Әйелдерге сол кезеңде білім мен табысқа жол ашылды. Әйелдердің білім алуы және ақылы еңбектің артуы некеден тыс өмір сүруге материалдық негіз қалады. Неке

Солардың бірі — Жанель Өтемұрат (кейіпкердің өтініші бойынша аты-жөні өзгертілді). Ол 3 жастағы қызын жалғыз өзі өсіріп отыр. Сәтсіз некеден кейін Жанель өмірін қайта бастауға мәжбүр болған.

— Ажырасқаннан кейін баратын жерім болмады. Ата-анамның үйіне барып, «қызы бір баламен қайтып келіпті» деген сөзді естігім келген жоқ. Пәтердің бір бөлмесін жалға алып тұрдым. Бұрынғы

«Екі әйелдің бірге тұруын «неке» деп атау көпшілікке түсініксіз, тіпті қарсы реакция тудырады. Шын мәнінде, бұл қатынастардың неке институтына еш қатысы жоқ.

КӨКЕЙКЕСТІ

17 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Жақында елімізде Назарбаев Зияткерлік мектептеріне қабылдау басталды. Алтыншы сынып оқушылары арасында іріктелген мықтылары ғана оқи алатын мектепке қабылдану биыл да оңай болмайын деп тұр. Себебі бір ғана Атыраудың өзінде бір орынға жыл сайын 125 оқушы таласады. Небәрі 120 орынға бөлінетін грантқа осынша тайталас – зияткерлік мектептерге деген сұраныстың қаншалықты деңгейде екенін көрсетсе керек. Расымен де, қазір Назарбаев Зияткерлік мектептері (НЗМ), Білім-инновациялық лицейлер (БИЛ) мен Республикалық физика-математика мектептері (РФМШ) – ата-аналар үшін баласының болашағына салынған ең ірі инвестициялардың біріне айналды. Алайда бұл жолдың бағасы тек баланың білімімен емес, ата-ананың қалтасымен де өлшеніп отыр.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНА ДЕЙІНГІ КҮРЕС

Мұндай мектепке түсу үшін ресми түрде «тегін» деп саналатын емтиханның өзіне дейін ата-аналар айтарлықтай шығынға батады. Бір ғана Атырау қаласының өзінде ірілерін алғанда – МЕЕТ, «Зерделі», Bolashak school сияқты 20-дан астам ірі орталық бар. Айлық оқу ақысы ең қымбаты – МЕЕТ білім орталығы. «Баланызды бір жыл ішінде зияткерлік мектептерге дайындап береміз» дейтін бұл орталыққа айына 1 баланың оқуы – 100 мың теңге. Бір үйден екі немесе үш бала оқыса, айына 300 мың теңгеніңді дайындап отырасыз. «Зерделі» бірнеше пакет ұсынады. Ең тиімдісі өздері pro деп атайтын пакет. Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, математика, сандық сипаттама және жаратылыстану пәндерінен сабақ беретін орталықтың үш айлық оқу ақысын бірден төлесеніз, 220 мың теңге жеткілікті.

«Менің үш балам бар. Үлкен ұлым 7 сыныпта, қызым 6 сыныпта оқиды. Кенжем 4 жаста. Қызымды НЗМ мектебіне дайындап жатырмын. Біз дайындықты 4 сыныптан бастадық. 4, 5 сыныпта Bolashak school мектебіне барып жүрдік. 6 сыныпта дайындығымызды нығайту керек болды. Сөйтіп, «Зерделі» орталығына келдік. Мұнда 3 ай сайын 220 мыңнан төлеп отырамыз. Ай сайын балалар тест тапсырады, сол арқылы білім деңгейімізді байқап отырмыз. Күні кеше қызым Назарбаев Зияткерлік мектебінде сынама тест тапсырды. Ол сынақтың өзіне 20 мың теңге төледік. Наурызға дейін уақытымыз бар, айына 2 рет тест тап-



АҚЫЛЫ МЕКТЕП НЕГЕ ҚАҚЫЛЫ?

сырамыз деп жоспарлап отырмыз. Қызымның енді ағылшын деңгейін көтеру керек болып тұр. Оған қосымша репетитор алып жатырмыз. Енді сенбі, жексенбі күндері сол маманға барамыз. Ол кісімен 30 мың теңгеге келістік. Ұлым басқа орталықта оқиды. Оның оқу ақысына 4 ай сайын 300 мыңнан төлеп отырмын. Мұның сыртында несиелер, үйдің ақысы, азық-түлік, балалардың басқа да керек-жарағы бар. Сол үшін үш жерде жұмыс істеймін. Өзім жалғызбасты анамын», –

сөзінше, балалар 10-11 жасынан бастап қатты бәсекеге түсіп жатыр. Аптасына 6 күн дайындық, тест, қысым. Бұл баланың психологиясына салмақ салуы мүмкін. Мектепке түсу білім сапасын арттырудың емес, жарыстың нышанына айналған.

«Мектептердің басты артықшылығы – тереңдетілген бағдарлама, пәндерді ағылшын тілінде оқыту, логикалық ойлауға бағытталған жүйе, халықаралық олимпиадалар мен жобаларға қатысу мүмкіндігі. Ал қарапайым

мектеп түлектері де жетістікке жете алады, алайда олар көбіне қосымша курстар, қайта даярлау, жеке еңбектің арқасында теңесуге мәжбүр.

Нұрсұлтан Жаңабай – әлемге әйгілі америкалық NASA ұйымының зерттеу жұмысына қатысып жатқан қазақ баласы. Ол Америкадағы Дрексель университетінің студенті. Атыраудағы Назарбаев Зияткерлік мектебін аяқтаған Нұрсұлтан бұл мектептен алған білімінің арқасында АҚШ-та тегін оқу мүмкіндігін иеленген.

«Менің Америка еліне алғашқы кадамым 2022 жылы 13 қыркүйекте басталды. Өзге адамдар, өзге мәдениет, өзге орта болғанымен, тілді жетік білгенімнің пайдасы болды. Бейімделу маған аса қиын болмады. Ерекше атап өтерлігі, ол жақта сыйластық бірінші орында тұрады. «Сіз маған тиіспесеңіз,

мен сізге тиіспеймін» деген ұғым бар. Америкада көшеде кездескен кез келген адаммен еркін сөйлесіп кете аласыз. Бір тақырыпты бастап кетсеңіз, ол кісімен бірге түстік ас ішіп те отыруыңыз мүмкін. Бастапқыда осындай жағдайларға танданысым болғаны рас. Десе де, білім деңгейі бойынша қазақстандық жастардың білімі жоғары деп айта аламын. Неге? Себебі Америкадағы жоғары сыныптар мен Қазақстандағы жоғары сыныптардың арасындағы білім беру айырмашылығы жер мен көктей. Америкада оқушыларға сабақты таңдауына қарай оқуға мүмкіндік беріледі. Ал Қазақстанда оқушы барлық пәнді оқуға міндетті. Жалпы, ТМД елдері оқушыларының артықшылығы да осында дер едім. Енді қараңыз, егер мен америкалық болсам, математиканы оқығым келмеуі мүмкін. Сөйтем де, физика мен химияны тандаймын. Бірақ университетке келгенде бәрібір математиканы оқуға тура келеді. Жанымдағы студенттердің осындай сабақтардан біраз қиналғандарын көрдім. Тіпті кейде оларға ментор болып, математика бағытында көмек көрсеткен кездерім де болды. Сондықтан «керек емес» деген пән болмайтынын түсіндім», – дейді Нұрсұлтан.

Әйтсе де, мектептер білім сапасын арттырғанымен, қоғамдағы әлеуметтік алшақтықты айқындай түсуде. Бір тарапта баласына жүздеген мың теңге жұмсауға дайын ата-аналар, екінші тарапта мемлекеттік мектеппен ғана шектелген отбасылар. Бұл жағдай «білім бәріне тең қолжетімді ме?» деген сұрақты қайта көтереді. Егер мемлекет білім сапасын тек тандаулы мектептерде емес, қарапайым мектептерде де тең деңгейде дамытпаса, бұл алшақтық алдағы жылдары одан әрі ұлғая түсуі мүмкін. Білім бәсекеге емес, мүмкіндікке айналғаны жөн.

Білім деңгейі бойынша қазақстандық жастардың білімі жоғары деп айта аламын. Неге? Себебі Америкадағы жоғары сыныптар мен Қазақстандағы жоғары сыныптардың арасындағы білім беру айырмашылығы жер мен көктей. Америкада оқушыларға сабақты таңдауына қарай оқуға мүмкіндік беріледі.

дейді атыраулық Гүлбану Атамашқызы.

Біз сөйлескен тағы бір ана – Салтанат Мұқашева 5 сыныпта оқитын қызын «Зерделі» мектебіне берген. Бұл мектепке жылына 1 миллион 680 мың теңге төлейді екен. Егер бала мектепте тамақтанатын болса, қосымша 35 мың теңге қосылады. Бала сағат 8:30-да сабаққа кіргеннен кешкі 17.30-да шығады. Үй тапсырмасы берілмейді. Барлық оқу процесі мектепте өтеді. Бұл ана да баласының БИЛ немесе НЗМ сияқты мектепке түсуін қалап отыр. Өйткені осындай білімі жоғары мектепті аяқтап жатқан балалардың шетелде оқуға мүмкіндігі көп деп санайды.

БІЛІМ БЕ, БӘСЕКЕ МЕ?

15 жылдық еңбек өтілі бар педагог Жанмира Құбаева бұл үрдістің екінші жағына назар аудару керек екенін жеткізді. Оның

мемлекеттік мектептерде білім беру жалпы стандартпен шектеледі. Мұнда мұғалімнің жүктемесі көп, материалдық база әлсіз, ал қосымша мүмкіндіктер көбіне ата-ананың жеке бастамасына байланысты. Сондықтан мәселе тек мектептің атауында емес, орта мен мүмкіндік теңсіздігінде», – дейді ол.

Мектеп түлектері көбіне шетелдік жоғары оқу орындары немесе беделді отандық университеттерге түседі. Ағылшын тілін еркін меңгерген, ғылыми жобаларға қатысқан түлек еңбек нарығында да бәсекеге қабілетті.

HR-мамандардың бейресми пікірінше, түйіндемеді НЗМ, РФМШ немесе БИЛ атауы кей жағдайда артықшылық береді. Әсіресе, халықаралық компаниялар мен ірі корпорациялар үшін белгілі бір сапа көрсеткіші. Қарапайым



ШИПА

17 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Ауру мазалап, бас ауырып, балтыр сыздап, дерт жанды жеп бара жатса, ем табам деп небір әдіс-тәсілді көрмекке бекінеріңіз анық. Бүгінде әлеуметтік желіде жарнамасы жарқырап тұрған биорезонанстық терапияның, яғни БРТ аппаратының кереметіне сеніп, ерекше әдіспен емделіп жүргендердің қатары артқан секілді көрінеді. Құны миллион теңгеден басталатын БРТ аппараттарының расымен де денсаулыққа пайдасы бар ма? Ақ-қарасын анықтап көрдік.



толқындарды реттеп түзейді деген қағида болғанмен, нақты ғылыми дәлелі жоқ. Жеке клиникаларда зерттеу жүріп жатыр, әзірге қарсы көрсеткіші жайында ақпарат мардымсыз. Пациенттер аллергия, асқазан-ішек жолындағы бұзылыстар, созылмалы шаршау, бас ауруы, әлсіздік секілді симптомдар кезінде осы әдісті қолданады. Кәсіби дәрігер ретінде айтарым, қазіргі ғылыми база биорезонанстық терапияны тиімді ем деп мойындамайды, тек қосымша ем, психологиялық қолдау ретінде қарастыруға болады, — дейді 16 жылдық тәжірибесі бар терапевт. Дәрігер жұрттың ауруханаға барып, кезекке тұрып, медициналық тексеруден өтуге уақыт

алмастыра алмайды. Ауруды анықтауда медициналық тексеру, зертханалық және аспаптық зерттеулер қажет. Бір аппараттың «мыңдаған ауруды емдейді», «дәрі де, дәрумен де қажет емес» деген уәдесі ғылыми негізге сүйенбейді. Адамдардың тез жазылып кетуге үміттенуі түсінікті, бірақ үміт пен медицинаның ара-жігін ажырата білу маңызды. Денсаулық эксперимент жасайтын сала емес. Кез келген емдеу тәсілін тандағанда, қауіпсіздігі мен тиімділігі дәлелденгеніне көңіл бөлу керек, күмәнді әдістерге сын көзбен қараған жөн, — дейді білікті дәрігер.

Дәстүрлі медицинаға жатпайтын түрлі әдіс-тәсілдің жарнамасы әлеуметтік желіде еш шектеусіз жарияланып жатыр. Алайда клиникалық зерттеуден өтпеген, пайдасыз емге жарнама жасау қаншалықты дұрыс? Елімізде дәстүрлі емес медициналық қызметті реттейтін нормалар 2006 жылы жойылғаннан кейін бұл мәселеге нақты көңіл бөлінбей келеді. Денсаулық саласында құқықтық-заңнамалық реттеудің тетігі болмағандықтан, медициналық білімі жоқтар да халықты

БАҒЫТЫ

БЕЛГІСІЗ

БАЛАМА

ЕМ

Терапияны ұсынатын мамандар әдістің күдіретінді шек жоқ дейді. Аппарат 4 мыңға жуық аурудың алдын алуға ескерту беріп қоймай, пайда болған ауруды толығымен емдеп жазады. Терапияның аллергия, созылмалы шаршау, психосоматикалық бұзылыс кезінде пайдасы зор, тіпті ағзадағы макро, микроэлементтер мен дәрумендердің жетіспеушілігін дәл анықтап, іштегі паразиттерді тазалайды екен. Қаптаған жарнаманың дені осындай қорытынды береді, бір қызығы, биорезонанстық терапияны жасанды интеллект технологиясының бірегей өнімі деп санайтындар да бар. Біз алдымен биорезонанстық терапияны алты жыл зерттеп, аппаратты сатумен айналысып жүрген блогер Раушан Дәулетқызымен тілдесіп көрдік.

— Биорезонанстық терапия (БРТ) аппараты — адам организміндегі электромагниттік толқындарды өлшеп, оларды белгілі бір жиілікке келтіру арқылы ық-

данатын болады. Терапияның негізгі идеясы — аппарат арқылы наукастың электромагниттік тербелістерін реттеп, ағза бұзылысын түзету. Десек те, Раушан аппаратын ЖИ жүйесі арқылы жұмыс істейтінін жоққа шығарды.

— БРТ аппараттары ғылыми мағынадағы жасанды интеллектпен жұмыс істемейді. Олар, негізінен, электромагниттік тербелістерді өлшеп, эталон жиіліктермен салыстыратын биорезонанстық принципке сүйенеді. Нағыз ЖИ-ға қажет алгоритмдер, оқыту де-

әсері жөнінде дәлелдер жоқ, зерттеулер аз. Шағын клиникалық зерттеулерде терапия алған кейбір ерлер темекіні тастап, енді бірі депрессиядан арылған, алайда зерттеу тобы тар болған, пайдасын көргендердің пайыздық үлесі де төмен деңгейде... Соған қарамастан аппаратқа қызығатын жандарда есеп жоқ, бірі тек сатумен айналысса, бірі үй жағдайында ем алу үшін қолданады.

БРТ аппараты терапевт, аллерголог, иммунолог мамандардың жұмысын жеңілдетеді деген ақпарат бар. Бірінші санаттағы жалпы тәжірибелік дәрігер, медициналық сарапшы Жазира Сметқызына хабарласып, биорезонанстық терапияға сенуге бола ма деп сұраған едік.

— Биорезонанстық терапия — баламалы медицинаға жататын, ғылыми тұрғыда дәлелденбеген әдіс. Адам ағзасындағы электромагниттік толқындардың жиілігі бұзылады, аппарат сол бұзылған



жұмсағысы келмей, тиімді әдіс деп БРТ аппаратын қолданатынын айтады. Өкініштісі, уақытылы тексеруден өтпей, жағдайды ушықтырып алатын жағдайлар аз емес.

— Тікелей физикалық зияны жоқ деп саналғанмен, ең үлкен қауіп-қатер — дәлелденген медициналық емді кешіктіруі мүмкін. Пациенттер сеніп, терапияны қолданып жүргенде, созылмалы немесе ауыр аурулар асқынып, емдеуді кешіктіріп, уақыт жоғалтып алуы мүмкін. Протоколда жазылған, дәлелденген медициналық ем ғана әлдеқайда тиімді, — дейді Ж.Сметқызы.

Сол себепті сенімсіз, дәлелсіз жоқ емге жүгіріп жүріп, қайғылы жағдайға душар болып қалмаңыз. Астана қаласының №5 қалалық емханасының директоры, дәрігер Алтыншаш Жұмашқызы да биорезонанстық терапияға күмәнмен қарап, дәлелденген медициналық емді қолдану қажетін қатан ескертті.

— Биорезонанстық терапияны барлық ауруды емдейтін әдіс ретінде ұсынып жүргендер көп, алайда дәрігер ретінде айтарым, бұл тәсіл дәлелді медицинаға жатпайды. Ол клиникалық зерттеулермен дәлелденбеген, стандартты диагностика мен емдеуді



Дәстүрлі медицинаға жатпайтын түрлі әдіс-тәсілдің жарнамасы әлеуметтік желіде еш шектеусіз жарияланып жатыр. Алайда клиникалық зерттеуден өтпеген, пайдасыз емге жарнама жасау қаншалықты дұрыс? Елімізде дәстүрлі емес медициналық қызметті реттейтін нормалар 2006 жылы жойылғаннан кейін бұл мәселеге нақты көңіл бөлінбей келеді.

алдап, өздігінен түрлі ем жүргізіп жатыр. Бірі медициналық кабинет ашып, енді бірі түрлі терапияны жарнамалап, табысқа кенеліп жүр.

Ауруына шипа іздеген жанның қай тәсілді қолданам десе де, әлбетте, өз еркі. Бастысы, ақылға қонбайтын жарнаманың құрбанына айналып қалмаңыз демекпіз.

А.ЖӘНІБЕКҚЫЗЫ



ректтері мен бақылау жүйелері бұл құрылғыларда қолданылмайды, — дейді ол.

Қазір БРТ аппараттары кейбір клиникалар мен жекеменшік медициналық орталықтарда қосымша ем ретінде ұсынылады, алайда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ғылыми емдеу тәсілі ретінде мойындаған емес. Батыс елдері де терапияға сын көзбен қарайды, себебі емнің

пал етуге арналған медицинадағы альтернатив әдіс. Аппарат классикалық медицинаға жатпайды, дегенмен адамдар оны денсаулықты қалпына келтіру, энергияны теңгеру үшін қолданады. Жүкті әйелдерге, асқынған созылмалы аурулар, тырысқақ, қатерлі ісік ауруы бар пациенттерге қолдануға болмайды, — дейді Р.Дәулетқызы.

Раушан тәжірибесінде кездескен жағымды жаңалықтарды әңгімелеп берді. Тілі шықпаған балалардың тілі шығып, қыз-келіншектер бала көтеріп, дені сау ұрпақ сүйген. Әдісті қолданғандардың гармон бұзылысы реттеліп, тері ауруларынан айыққан. Маманның айтуынша, болашақта әрбір адам өз резонанстық толқын жиілігінде ішкі күйін реттеу үшін аппаратты қол-



ДАУА

17 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Отандық медицина саласы тағы бір маңызды жетістікпен толықты.

Қуанышты жаңалықтың, яғни Қазақстан ортопедиясының жаңа серпілісінің біз де куәсі болдық. Енді Астанадағы Академик Н.Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығында (ҰҒТОО) MISSO роботтанған жүйесінің көмегімен ота жасау мүмкіндігі туады.



Айсұлу СЫЕЗХАН

MISSO роботы – Үндістанның Meril компаниясының жасанды интеллект элементтерімен жабдықталған, жоғары технологиялық оталарды аса дәлдікпен жоспарлауға және жүргізуге маманданған инновациялық технологиясы. Роботтың әлемде бірегей екі данасы болса, оның бірі қазақ елінің игілігіне жарамак. Мамандардың айтуынша, қарапайым отаға қарағанда, толық автоматтанған, роботтанған жүйенің нәтижесі дәл, пациентке қауіп жок әрі дәрігердің де қолын жеңілдететін көрінеді.

Салтанатты жиынға мемлекеттік органдардың өкілдері мен халықаралық серіктестер, Үндістанның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Я.Сайлас Тангал да қатысты. Денсаулық сақтау министрлігі Электрондық денсаулық сақтауды дамыту департаментінің директоры Аскар Арғынбаев жобаның мемлекеттік деңгейдегі маңызын айтып, үндістандық мамандарға алғысын білдірді. Басқосу медицинадағы озық жаңалықтың әрі қос елдің достығын айғақтады.

— Бұл жүйеге қатысты әлі де жұмыстар атқарылып жатқандықтан, бағасын дәл айта алмаймын, дегенмен актив роботтың бірі Қазақстандағы орталықта орнатылып жатқанын қуанышпен айтар едім. Бүгінгі іс-шара бәлкім теңдессіз деп айтуға келмейтін де болар, алайда екі елдің достығы мен медицина саласы үшін өте маңызға ие. Үндістан мен Қазақстан әртүрлі стратегиялық жобаларды ұзақ уақыттан бері іске асырып келеді. Үндістанды «Әлемнің дәріханасы» деп те атайды. Қазір медицина саласындағы үздік технологиямызды сыйлап жатырмыз. Біздің стратегиялық байланысымыз, достығымыз жалғасын табарына сенемін, — дейді өкілетті елші Я.Сайлас Тангал.

Қазір медициналық орталықта роботтанған жүйенің көмегімен тізе буынын алмастыруға арналған республикалық

ҚАЗАҚ ОРТОПЕДИЯСЫ РОБОТ ДӘУІРІНЕ

қадам басты

мастер-класс өтіп жатыр. Шеберлік сабақты Үндістаннан арнайы келген дәрігер, робот-ассистенттен хирургияның халықаралық сарапшысы Суджой Кумар Бхаттачарджи өткізді. Білікті дәрігердің медицина саласында 20 жылдық тәжірибесі бар, бүгінге дейін 10 мыңға жуық ота жасаса, оның 4 мыңын роботтық жүйенің көмегімен іске асырған. Бұл сабақ отандық дәрігерлердің шеберлігін шын-



дауға үлкен мүмкіндік болды.

Салтанатты жиыннан кейін роботтың көмегін көруге асықтық. Мастер-класс еліміздің үздік мамандары қатысты. Медициналық біліміміз болмаса да, Суджой мырзаның сабағын ыждаһатпен бақылап, операция процесін қызықтап ұзақ отырдық. 1 сағат 40 минутқа созылған отадан кейін дәрігерлерге деген құрметіміз одан сайын артты. Тізе буынын ауыстыру күрделі отаның бірі екенін көзбен көріп, санаға түйдік.

Тізе эндопротезі — зақымдалған тізе буынын жасанды буынмен алмастыру отасы. Алғашында дәрігер жұмысын роботқа түбегейлі сеніп тапсырады деп күткенбіз, алайда кейін роботтанған жүйе дәрігердің сенімді көмекшісі екенін ғана аңғардық. Дәрігер MISSO жүйесін басқара



отырып, әр пациенттің жағдайына сәйкес жеке-жеке тәсіл қолдана алады. Суджой мырза әріптестеріне отаның әр кезеңін түсіндіріп берді. Байқағанымыздай, дәрігер әр кезең сайын тізе буынын бірнеше қайта тексеріп, нүктелердің дәл екеніне көз жеткізіп, оның өлшеміне дейін асқан мұқияттылықпен қарады. 10 мың ота жасаған дәрігер өзіне тым сенімді, сөзін баппен қысқа қайырады. Алдымен тізе аймағын мұқият қарап, есептеп, одан кейін MISSO роботын ота үстеліне жақындатты. Бұл аралықта, расымен де, дәрігерге роботтың

көп көмегі тиеді екен. Ассистенттер дәкені ұсынып, бірі сумен шайып, енді бірі кеткен қанды сорғышпен тазалағаны болмаса, негізгі жұмысты робот атқарды. Дегенмен дәрігер барлық жағдайды жіті бақылауда, ота соңында мамандар балтыр сүйекті ұстап, аяқты бірнеше рет бүгіп көріп, тізе буынын эндопротездеу сәтті болғанын қуанышпен хабарлады. Сабаққа қатысқан дәрігерлер Суджой Кумарға алғысын жаудырып, кезек-кезек рақмет айтып жатты. Суджой мырза алда тағы екі шеберлік сабақ өткізіп, роботпен бірлесе жұмыс істеудің қыр-сырын танытады. Онда роботтың қимыл-қозғалысы, биомеханикалық есептеулері және имплантты орнату шеберлігін білуге болады.

Тізе эндопротезі тізеге жаңа өмір беріп, қозғалысты қайта қалыпқа келтіруге көмектеседі. Бұл ота тізе буынының ауыр зақымдануы кезінде құтқарушы тәсіл болады. Ота Үндістан, Түркия, Тайланд, Дубай медицинасында аса танымал.

— Бұл технология Үндістанда қолданылып келеді. Қазір біз соңғы сертификаттау рәсімі мен

Американың медициналық-фармацевтикалық басқару және қадағалау жүйесінің мақұлдауын күтіп отырмыз. Бұл құжаттар дайын болғанда, әлемнің бірнеше елімен жұмыс істемекпіз, дәрігерлерді қолдауға, біліктілігін арттыруға дайынбыз. Алда кез келген хирург робот ассистенттен хирургияның негізін меңгеруге тиіс деп ойлаймын, солайша әлдеқайда тиімділікке, мол жетістікке жете аламыз, — дейді Суджой дәрігер.

Оның сөзінше, робот жүйе актив, жартылай актив және пассив болуы мүмкін. Ал MISSO роботы актив технологияға жатады, яғни актив робот дәлме-дәл жұмыс істеп, отаны сәтті өткізуге жоғары мүмкіндік береді. Роботтың құжаттары реттелген сон, елге тағы бірнеше құрылғы жеткізілуі мүмкін. Үндістанда бұл роботтың көмегімен кейінгі 2 жылда 7 мыңға жуық ота сәтті өткен. Қазір әлемнің түкпір-түкпірінен түрлі пациент MISSO-ға сенім артып, ота жасатуға, ем алуға киі келеді. Шетелдік дәрігерлер де робот жүйесін меңгеру үшін үнді жеріне қонаққа барып жатады. Олар сапалы нәтижеге дән риза.

Автоматтанған MISSO сияқты заманауи технологияның Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығының базасына енуі — еліміздің әлемдік көштің қатарынан қалмай, ілгері дамуының айғағы. Робот жүйесін

Автоматтанған MISSO сияқты заманауи технологияның Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығының базасына енуі — еліміздің әлемдік көштің қатарынан қалмай, ілгері дамуының айғағы. Робот жүйесін меңгеру дәрігердің білім-білігін арттырса, қарапайым халықтың саулығына кепіл бола алады әрі бұл жүйе медициналық халықаралық стандартқа толықтай сай.

меңгеру дәрігердің білім-білігін арттырса, қарапайым халықтың саулығына кепіл бола алады әрі бұл жүйе медициналық халықаралық стандартқа толықтай сай.

Тізе эндопротезі елімізде де жасалып келеді. Бүгінде ҰҒТОО базасында жыл сайын 18 000-ға жуық тізені эндопротездеу жасалады. Елімізде мұндай көмекке мұқтаж жандардың жалпы саны 128 мыңға жақын деп бағаланып отыр, ал MISSO жүйесі Қазақстанда жоғары технологиялық көмектің қолжетімді болуын әрі тиімділігін арттыруға жол ашарына сеніміміз мол.

АЙМАҚ

17 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

АРШАЛЫЛЫҚТАРДЫҢ АЙТАРЫ БАР



Елордадан таяқтастам ғана қашықта болғанымен, Аршалы ауданында бүгінге дейін қарапайым қажеттіліктерге қол жеткізу мұң болып тұр. Тіпті қалаға қарай жаппай урбандалу үдерісінен жағдайдың одан сайын күрделеніп бара жатқаны анық байқалады. Халықтың тығыз қоныстануынан аудан аумағында инфрақұрылымдық және коммуналдық мәселелер көбейген. Шешімін таппаған мәселелер жуырда облыс әкімімен кездесу барысында тағы бір мәрте көтерілді.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

**КӨГІЛДІР ОТЫНҒА
ҚОЛ ЖЕТПЕЙ ТҰР**

Бұл жолы Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың жұмыс сапары әдеттегі есеп үшін ұйымдастырылған жиындарға мүлде ұқсамады. Құзырлы сала мамандары мен жергілікті атқарушы органдардың салғырттығы мен жауапсыздығынан туындаған түйткілдер ашық көтеріліп, аудан әкімінен бастап, тұтас басқарушы сала өкілдерінің жұмысы сын садағына алынды. Жиын барысында ауданның бүгінгі әлеуметтік-экономикалық ахуалы ғана емес, жергілікті атқарушы органдардың іс жүзіндегі нақты жұмыс қабілетінің тым төмендігі айқын көрінді.

Аса маңызды салалардағы мәселе жылдар бойы шешілмей, тон болып қатқан күйінде қалған. Әсіресе, бұл халықтың тіршілігіне аса қажет коммуналдық және инфрақұрылымдық жүйелерде жиі кездеседі. Облыс әкімі аудан аумағындағы өзекті мәселе бірінші кезекте жергілікті атқарушы биліктің осы аймақтағы іргелі кәсіпорындармен бірлесе әрекет етпеуінен болғанын алға тартты.

— Мемлекет басшысы жергілікті атқарушы органдарға бақылаудан бұрын, серіктестікпен жұмыс істеудің маңызды екенін атап өтті. Біз де дәл осы ұстанымды басшылыққа алып келеміз. Серіктестік халыққа үйіп-төгілген бос уәде емес, нақты нәтижеге жеткізетін үлкен мүмкіндік, — деді Марат Ахметжанов.

Бірақ Аршалыдағы бүгінгі ахуал серіктестікке емес, құзырлы орындардың немқұрайлығы мен

сылбырлығынан шыққан секілді. Мәселен, елорданың тап іргесінен қоныс тепкен Жібек жолы мен Жалтыркөл ауылдарында су мен электр желісі әлі күнге дейін толық шешімін таппаған. Қостомар ауылындағы ішкі жолдар бірнеше жыл бұрын бекітілгенімен, қағаз жүзіндегі жоспар күйінде қалған. Сондай-ақ Ақбұлақтағы және аудан орталығы Аршалы кентіндегі газ мәселесі тіпті созылып кетті.

Ең сорақысы — аудан орталығын газдандыру жобасының тағдыры бұлынғыр. Облыстық бюджет қоржынынан 333 миллион теңге сомасында бөлінген іргелі жоба 2025 жылдың қарашасында аяқталуға тиіс болған. Алайда қазір нысанның дайындығы 90 пайызға ғана орындалғаны мәлім болды. Қалған 10 пайыздың, яғни іс жүзінде толық жүзеге асырылмауының салдары мындаған тұрғынның табиғи көгілдір отынмен қамтылып, жайлы өмір кешуін кешеуілдеті түскен.

Бұдан соң аймақ басшысы аудан әкімінен құрылыс жұмыстарының нәтижесін кешігіп, уақытында тапсырылмай жатқанын сұрады.

Аудан әкімі Достанбек Есжанов кідірістің себебін жер телімдеріне қатысты құжаттардың кеш рәсімделуімен, инженерлік желілердің сапасыз тартылуымен түсіндірмек болды. Бірақ бұл жауаптар мәселенің түпкілікті себебін емес, салдарын ғана көрсеткендей. — Халыққа мәселе жөнінде түсініктеме емес, нәтиже керек. Жылу, жарық, су — бұл есеп үшін емес, адамдардың күнделікті өмірі үшін ауадай қажет. Сондықтан жергілікті атқарушы органдардан «тырысу» емес, іс жүзінде нақты орындалған жұмыс талап етіледі, — деді облыс әкімі.

Сын мұнымен тоқтаған жоқ. Ауданда жол құрылысының қарқыны аса баяу. Әлеуметтік нысандардың құрылысы сағызша созылып, сақалды құрылыстардың қатары көбейген. Соның айқын мысалдарының бірі — үш жылдан

бері салынып келе жатқан Мәдениет үйі. Өткен жылы тапсырылуға тиіс болғанымен, нысан құрылысы әлі дайын емес, оның үстіне қомақты қаражаттың басым бөлігі қайтадан бюджетке қайтарылған.

— Адамдар мәдениет ошағының пайдалануға берілгенін күтіп отыр. Ал біз әлі күнге дейін жауапкершілікті бір-бірімізге ысырып келеміз, — деген Марат Ахметжанов жергілікті биліктің жұмысын қатаң сынға алды.

КӨПШІЛІКТІҢ ПІКІРІ ТЫНДАЛДЫ

Жиында қоғамдық пікір де ашық айтылды. Қоғам белсенділері Самал Ким мен Динара Барбасова, сондай-ақ облыстық мәслихат депутаты Руслан Шамкенов аршалылықтарды мазалаған өткір мәселелерді бүкпесіз жеткізді. Оның ішінде халықтың жылдар бойы шымбайына батқан заңсыз қокыс үйінділері, қаңғыбас иттердің көбеюі, экологияның нашарлауы, ішкі туризмнің тоқырауы, карьерлерді игеру кезінде халық мүддесінің мүлде ескерілмеуі сияқты өткір жайттар аталды. Әсіресе, қиыршық тас өндірісімен айналысатын зауыттардың тым көбейіп кетуінің салдарынан халықтың денсаулығы мен аймақтың экологиялық ахуалына қауіп төнген.

— Әрине, біз жергілікті кәсіпорындардың дамуына еш қарсы емеспіз. Бірақ экология мәселесінде тұрғындардың мүддесі әрдайым екінші орынға ығысып қалмауға

P.S.

Халықтың жылдар бойы қордаланған ащы жанайқайы көтерілген кеңес – жай ескерту емес, жергілікті атқарушы органға берілген соңғы мүмкіндікке көбірек ұқсады. Жыл сайын қайталанатын құрғақ уәде, бітпейтін құрылыс, шешілмейтін мәселелер жұртты әбден қажытқан. Ендігі жерде облыс билігі мен көпшілік ахуалдың дереу реттелгенін міндеттеп отыр. Ауданның атқамінерлері бұл сенімнің үдесінен шыға ала ма, жоқ па – оны алдағы уақыт көрсетеді.

ТЕМІРТАУДЫҢ ТЫНЫСЫ АШЫЛА МА?

Теміртауды экологиясы нашар қалалар қатарынан көріп келдік. Бірнеше жыл бойы қыстың көркі ақ қар – бұл қалада қап-қара болып жататынды шығарды. Аспаннан жауған қардың еш міні жоқ, тек жергілікті алпауыт компаниялардың зауыт, жылу электр орталықтарынан бөлінген түтін «қара қала» атануға себепші болып отыр.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Жалпы, Қарағанды облысында атмосфераның ластануына негізгі әсер еткен фактор — жылу электр станциялары мен жеке сектордың шамадан тыс көмір тұтынуы. Алайда Қарағандыда ауа қыста ластанса, Теміртауда кез келген маусымда кең тыныс-тай алмайсыз. Өнеркәсіптік және металлургиялық кәсіпорындардан, сонымен бірге жылу электр стансалары мен жеке сектордан шыққан түтіннен қала тұншығып тұр.

Бұған дейін Теміртаудың басты ауа ластаушысы болып тұрған «АрселорМиттал Теміртау» АҚ 2024 жылға қарай шығарындыларды 30 пайызға азайту туралы

жасалған меморандум бойынша өз міндеттемелерінің үштен бірін ғана орындаған екен. Компания басшысы кетіп, бүкіл мұрасын «Қарметке» табыстады. Іске аспаған жобаларын да қоса қалдырып кетті деуге болады.

Енді істелмеген жұмыс пен Теміртауды ауа ластануынан қорғау құлды бір Qarmet директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьевтің мойнында тұрғандай әсер қалдырады.

Сонымен қатар ауаны жеке тұрғын үйдің пешінен шыққан түтін де ластайтынын айттық. Теміртауда газдандыру жобасы толық аяқталып, инженерлік инфрақұрылым алты мыңға жуық жеке тұрғын үйге жеткізілгені таяуда мәлім болды. Алдағы уақытта осыған байланысты эко-

логиялық көрсеткіштер аз да болса жақсаруға тиіс.

Бұл — мындаған отбасы үшін тұрмыстың жаңа сапасына, таза ауа мен қауіпсіз өмірге жасалған нақты кадам. Енді Теміртауда көмір түтіні азайып, қала біртіндеп экологиялық тұрғыдан жаңа тыныс ала бастайды деген сөз.

Айтар болсақ, жалпы ұзындығы 215 шақырым газ желісі тартылып, сегіз іске қосу кешенін қамтыған үш кезеңнің барлығы толық дайын. Теміртау қаласы әкімдігінің мәліметінше, бүгінде жеке тұрғын үйлердің барлығында газға қосылудың техникалық толық мүмкіндігі бар.

Алайда газды іске қосу мерзімі әр отбасының өзіне байланысты: үй ішіндегі газ желілерінің дайындығы, қауіпсіздік талапта-



рының орындалуы және қажетті құжаттардың рәсімделуі негізгі шарт саналады. Қазір орталықтандырылған газбен жабдықтауға 2 228 үй қосылған. Сонымен қатар тағы 2 900 отбасына газға қосылуға арналған техникалық шарттар берілген. Бұл көрсеткіштер алдағы уақытта газ тұтынушылар санының айтарлықтай артатынын аңғартады.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың сөзінше, енді шағын шаһар көмір түтінінен біртіндеп арылуға тиіс.

— Теміртауды газдандыру қала тұрғындарының жайлылығы үшін ғана емес, экологиялық жағдай үшін де аса маңызды. Газ-

тиіс. Кейде мемлекеттік органдар ашық диалогтан қашады. Ал біз тек сын айтып қана қоймай, нақты көмек көрсетуге әзірміз, — дейді жергілікті қоғам белсендісі Самал Ким.

Бұл пікір облыс әкімінің де қолдауын тапты. Жиында жергілікті атқарушы органға экология мәселесіне қатысты бөлек кеңес өткізу тапсырылды. Ал заңсыз қокыс полигондары бойынша нақты шешім жасалды. Астанадағы қокыс өңдеу зауытымен келісіп, Аршалы секілді іргелес аудандардан тұрмыстық қалдықтарды қабылдау іс жүзінде жолға қойылмақ.

Кеңес қорытындысында Марат Ахметжанов нақты тапсырмалар жүктеді. Аудан әкіміне барлық ескертуді қысқа әрі нақты мерзімде жою міндеттелді. Бұл жолы бақылау формалды сипатта болмайды. Арнайы жұмыс тобы құрылып, оның құрамына облыстық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Бахтыбек Жапаев, сондай-ақ жергілікті мәслихат депутаттары мен қоғамдық өкілдер енгізілді.

Аршалыдағы жиын аймақтағы өзекті мәселелердің туындауына себепкер болған ақиқатты анық аңғартты. Мәселе қаржы тапшылығында емес, басқарудың жүйесіздігі мен салғырттықтың салдарынан болған. Ақша бөлініп жоспар жасалғанымен, орындау кезінде жауапкершілік жоғалады. Ал жауапкершілік жоғалған жерде халықтың сенімі де сөне бастайтыны сөзсіз.

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРГЕ ЖАРЫҚ ЖЕТПЕЙ ТҰР

Сыр бойын жағалай қоныстанған Қызылорда қаласының ауқымы жыл сайын кеңейіп келеді. Әсіресе, дарияның сол жағалауынан бой көтерген жаңа аудан өңірге келген мәртебелі меймандарға мақтанышпен көрсететін құтты мекенге айналды. Аумақтағы заманауи үлгіде бой түзген әлеуметтік нысандар, спорттық-сауықтыру кешендері, қаз-қатар тізілген көпқабатты тұрғын үйлер, стадион, облыстық музей сынды көптеген сәулетті ғимарат атқарылып жатқан жоспарлы жұмыстардың жемісті болғанын байқатады.

А **Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**
Қызылорда облысы

Қызылорданың сол жағалауын сәні мен салтанаты келіскен көрікті мекенге айналдыру жобасы алғаш қолға алынғанда күмәнмен қараушылар аз болмады. Содан да болар, аумақтан алғашқы тұрғын үй кешендері пайдалануға берілген сәтте жана қалаға қоныс аударуға ниет танытқандар қарасы аз болды. Алайда үздіксіз жүргізілген құрылыс жұмыстарының нәтижесінде тұрғын үйлердің қатары артып, әлеуметтік осал топ санатына



кіретін отбасылар, көпбалалы аналар, жас мамандар мен апатты үйлерде тұратын тұрғындарға жыл сайын жаңа пәтердің кілтін табыстау үрдіске айналды. Нәтижесінде, сол жағалауға қоныстанушылар қарасы қалыңдады.

Дей тұрғанмен, жаңа қаланың негізгі көшелері қырмызыдай құлпырып, жаңарған кейіпке енгенімен, тұрғылықты халқының толғақты мәселесі шаш етекпен. Әсіресе, тұрғын үй аулаларын абаттандыру, жарықтандыруға қатысты мәселелері бір түйеге жүк боларлық. Бір ғана аталмыш шағын ауданның № 65 үй тұрғындары талай уақыттан бері өздерін толғандырған бірқатар түйткілдің түйіні тарқатылмай тұрғанын айтып, мұнын шағып отыр.

Негізінен, бұл тұрғын үйдің пайдалануға берілгеніне үш жылдан асып барады. Нақтысы, 2022 жылдың желтоқсанында баспаналары апатты деп танылған тұрғындарға осы аумақтан жаңа пәтерлер табысталған. Сол кезден бастап тұрғындарды тұрғын үй айналасындағы бірқатар кемшілік толғандырып келеді.

«2022 жылдың желтоқсан айының соңғы күндері осы үйді бізге

салтанатты түрде табыстады. Әрине, қуанышымызда шек болмады. Апатты үйдің азабынан құтылып, жаңа да жайлы үйге қоныс аударғанымызға шексіз риза болдық. Бертін келе пәтеріміздің ішкі сапасын айтпағанның өзінде, үйдің айналасындағы абаттандыру, жарықтандыру жұмыстарынан көптеген кемшілік байқадық. Атап айтқанда, осы аумақтан өтетін Ғ.Мұхамеджанов көшесі мен оны кесіп өтетін шағын көшеге жарықтандыру жұмыстары қажет. Бұған дейін аталмыш көшелерге жарық бағаналары орнатылған. Бірақ үш жылдан бері жарықшамдар бірде-бір рет іске қосылған емес. Жергілікті әкімдікке бұл жайында талай айтылды. Үш жыл бойына тек құрғақ уәдемен шығарып салады. Нақты нәтиже болар емес», — дейді солаумақ тұрғыны Айда Тұрманова.

Әсіресе, түн мезгілінде тұрғын үйлер аумағы қараңғылық құшағында қалады. Ең қиыны, ата-аналарды түскі ауысымда оқитын балаларының қауіпсіздігі алаңдатады. Әр күндерін қорқынышпен өткізіп келеді. Ал жауапты орындар тарапынан жарықтандыру жұмыстарын жүргізуге асығар емес деп ашына-

ды. Бұған дейін орнатылған жарық бағаналарының үш жылдан бері қосылмау себебін де түсінбей жүр.

Сонымен қатар аяқсуға қатысты мәселе де асқынып тұр. Аталмыш аумаққа суағар да салынған. Бірақ осы кезге дейін оған бір тамшы су тамған жоқ дейді тұрғылықты халық.

«Бұл аймаққа қоныстанған халықтың қарасы қалын. Жыл санап бой түзген тұрғын үйлердің де қатары артып келеді. Жаз мезгілінде әрбір тұрғынның өз аула-ларын көркейтіп, көгалдандыруға ниеті бар. Бірақ оған аяқсу қолбайлау болып тұр. Егер аяқсу берілмесе, қыруар қаржыға не үшін лоток жүргізілген деген заңды сұрақ туындайды. Талай жылдан бері тамшы тамбаған арық жүйелерінің жағдайы да мәз емес. Дария дәл іргеден өтіп жатыр. Соған қарамастан, арыққа су жіберуге қандай кедергі болып тұрғанын түсінбей жүрміз. Бұдан өзге, жаз мезгілінде дария жағасында серуендейтін халыққа да жағдай қарастырылмаған. Жарықшамдармен қоса, арнайы орындықтар да қойылмай тұр», — деп мұнын шақты тағы бір тұрғыны Ұлмекен Жарымбетова.

Өз кезегінде сол жағалау халқын толғандырған мәселенің мән-жайын жауапты тараптан да сұрап көрдік.

«Қызылорда қаласының сол жағалауында салынған № 65 үйге баратын жолдағы жарық шамдарын іске қосу жұмыстары мердігер мекеме «Ақнұр Авто» ЖШС-ға тапсырылған. Осыған сәйкес мердігер мекемемен тиісті жұмыстар атқарылатын болады. Ал аяқсу мәселесіне келсек, қазір «Қызылорда тазалығы» мекемесімен аталған көшедегі арық желісі тазартылып, аяқсу жеткізу мәселелері қаралатын болады. Сонымен қатар көшелерге аялдама белгілерін орнату жұмыстары Қызылорда қалалық полиция басқармасының арнайы нұсқамасы арқылы жүзеге асырылады. Жолданған нұсқамалар бойынша аумақта тиісті жұмыстар атқарылатын болады. Жалпы, 2026 жылы Қызылорда қаласы аумағында жарықтандыруды қажет етілетін көшелер тізімі әзірленді. Осыған сәйкес жобалық-сметалық құжаттары дайындалып, бюджеттік өтінім жолданады. Соның негізінде қажетті қаражат көзі қаралғаннан кейін тиісті жұмыстар кезең-кезеңімен атқарылатын болады», — деп мәлімдеді Қызылорда қалалық әкімдігіне қарасты қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінен.

Жалпы, тұрғылықты халық үш жылдан бері тасада қалып тұрған талап-тілектерінің жедел шешілуін тағатсыздана күтіп отыр. Ең бастысы, құрылыс жұмыстарының санына емес, сапасына мән беріп, мердігерлердің жұмыстары мұқият бақылауға алынуға тиіс деп есептейді.

А **Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,**
Қарағанды облысы

— Театр құру идеясы бұрыннан бар еді. Студент кезімнен бері ойымда жаңғыртып жүрдім. Мәскеуде режиссурада оқып жүргенде «Неге бізде барлық театрдың қойылымы бірдей?» деп ойладым, — дейді режиссер.

Оның сөзінше, театр жалпы көпшілікке емес, нақты көрермендерге бағытталуға тиіс. Бұл идеясы С.Сейфуллин атындағы театрдың көркемдік жетекшісі болып жүргенінде, кейіннен Станиславский атындағы театрдың директоры ретінде шетелдік гастрольдерге шыққаннан кейін де оралып отырыпты.

— Шетелде мен түрлі театрды көрдім, олардың көпшілігі жеке, мемлекетке қол жаймайды. Яғни, театр өнері дұрыс көзқараспен және қандай да бір қолдау болса, табысты екенін көрдім. Осының бәрі ішкі жан дүниемде пісіп жетілгенде, менде жеке шығармашылық дағдарыс басталды. Осыдан екі жыл бұрын мен мемлекеттік театрдан кетіп, тәуелсіз жеке театр құру бойынша жұмыс істей бастадым, — дейді Дунай Амандықұлы.

Әрине, жекеменшік театр ашу оңай емес. Мемлекеттік театрдағы жылы орынды болашағы белгісіз жобаға айырбастаған жанға Natige фирмасының президенті Ерлан

Қарағанды қаласында мемлекеттік тілде қойылымдарды халық алдына алып шыққан тәуелсіз «Дат» театры ашылғанына көп болған жоқ. Дегенмен бірнеше спектакльді көрермен назарына ұсынып үлгерді. Ал театрдың негізін қалаған белгілі режиссер Дунай Еспаев болатын.

ТЕАТРДЫҢ ТЫҢ БАСТАМАСЫ

Өшім жолығып, демеушілік жасайды. Кәсіпкердің қолдауымен тәуелсіз «Дат» театры осылай дүниеге келіпті.

— Алғашқы спектакльді Туған-Ел мейрамханасында өткіздік. Дебюттік қойылымды қою үшін Әзербайжандағы достарым әрі әріптестерім Михаил Михайлов пен Мұстафа Мұстафаевты шақырдым. Ақшам болмағанына қарамастан, олар қуана келіп, қойылымға көмектесті. Алғашқы спектакль «Поезд 21:15» болды. Бұл халықаралық жоба десем де болады, өйткені авторы Тойгун Орбай — түрік, қоюшы әзербайжандық, ал спектакльді қазақстандық актерлер ойнады, — дейді режиссер.

Премьера екі күн қатарынан көрсетілді. Жалпы, иммерсивті театр тұжырымдамасының өзінде

көрермендер саны 50-ден аспайды. Ал Дунай Амандықұлы оны 80-ге дейін ұлғайтты. Нәтижесінде, спектакльдің бірінші күні де, екінші күні де жүзден астам көрермен спектакльді тұрып тамашалады. Бұл ретте ешқандай наразылық немесе реніш болған жоқ.

— Театрды кез келген тілде ашуға болады, бастысы, театр көп болуы керек. Кішкентай, үлкен, опералық, көлеңкелі театрлар. Сонда бәсекелестік болады және өнерде тоқырау болмайды. Көрермен таңдау құқығына ие болады. Ол қандай да бір премьералық спектакльдерді күтпейді. Мысалы, бір ғана Мәскеуде 200-ден астам театр бар. Әр көрерменнің өз театры бар деуге болады. Мысалы, Ыстанбұлда пәтерде орналасқан театр бар, онда бес-алты адам



билет сатып алып, пьесаны бірге оқиды. Бұл да театр.

Әрине, мемлекеттік театрлар сенімді, себебі оларды мемлекет субсидиялайды. Жеке театрларды мемлекет қаржыландырмайды. Егер меценат болса, жақсы. Бірақ театр ісі — бұл өз кәсібіне адал адамдардың ісі, олардың бұған көңілі толады. Мен тәуелсіз театрлар мен мемлекеттік театрлар бір-біріне экономикалық тұрғыдан бәсекелес бола алмайды деп ойлаймын. Керісінше, олар көрермен үшін күресе алады. Олар әртүрлі формадағы қойылымдар ұсынады, әртүрлі тұлғалар болады, жастар ілгерілейді, әртүрлі режиссерлер келеді, — дегенді қосты Дунай ағамыз.

Тәуелсіз театрға актер таңдау да оңай емес. Оған әңгіме барысында көз жеткіздік. Актер боламын деп жүздеген жас келген. Оның ішінде іріктелгені өз мамандығына адал жандар.

— Осы театрды ашу менің 30 жыл бойы армандап келген мақсатым және бірінші орынға тума талант принципін қойдым. Яғни, егер талант болса, күніне 10-15 сағат бойы сол талантыңды ширататын атмосферада жүрсен, міндетті түрде сен кәсіби актерге айналасың. Сондықтан да тәуелсіз театрларда тұрақты труппаның болуы шарт емес, әр жаңа жобаға жаңадан кастингтер жарияланып, соның нәтижесінде артистік құрам пайда болады. Тәуелсіз театр актері көп қырлы болуы шарт — пластика, дауыс, импровизация, психофизика, сахналық батылдык. Бізге ең керекті — ізденуге дайын актер, — дейді режиссер.

Иә, Дунай Амандықұлы айтқандай, актерлар сапында оқушы да, студент те, түрлі мамандық иелері бар. Өткен жылдың желтоқсан айында Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрында тәуелсіз «Дат» театры Әлімбек Оразбековтің «Бір түп алма ағаш» драмасын жаңаша форматта сахналады. Халық көп жиналды. Осы қаңтарда тағы да көрермен осы спектакльді тамашалай алады.

ЖАНАЗЫҚ

17 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Астанада
букинистік
бағыттағы кітап
дүкені әзірге жалғыз ғана.
Kitapshah деп аталатын дүкен
тұрғын үй астындағы жертөлеге
жайғасқан. Бұл дүкен бүгінде
елордалық жастардың жиі бас
сұғатын жеріне айналды. Былтыр
мекенжайы екі рет ауысты.
Аталған орынға біз де бардық.
Дүкен иесімен сұхбаттасып,
қордағы кітаптармен
танысып қайтқан
едік.



Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Әдетте жоғары шығатын бас-палдакпен бұл жолы төмен түстік. Темір есікті ашып едік, дүкен ішіндегі кітап қағазының иісі бірден сезілді. Кітаптар сөреге қаз-қатар қойылыпты, ал сөреге сыймағандар еденге жайғастырылған. Бөлме қабырғасын жағалай үсті-үстіне қойылған кітаптардың биіктігі белуардан келеді. Осыншама кітаптың бәрі қайдан келді? Оларды қалай жинады? Дүкен иесі Арайлым Қадырға қойған алғашқы сауалымыз осылар еді.

— Бұл — әр үйде, сөрелерде шаң басып тұрған кітаптар. Біз оларды әр адамның үйінен бір-бірден, кейде оннан, кейде жүзден жинадық. Дүкеніміз ашылғаннан бері кейбір адамдар өз кітабын сыйға беріп жатыр. Дәл осы жерде шамамен жүздеген адамның жеке кітапханасынан алынған 5 мыңға жуық кітап бар, — деді Арайлым.

Рас, бүгінде жаңа, әртүрлі бағыттағы кітаптарды сататын дүкендер өте көп. Ал букинистік бағыттағы дүкен некен-саяк. Букинистік дүкен — бұл ескі немесе қолданыстан шыққан кітаптарды сатып алып, оларды ретке келтіріп сататын дүкен. Арайлымның мұндай дүкенді ашудағы мақсаты — баспадан қайта шықпаған кітаптардың нұсқасын сақтап қалу.

— Алматы қаласында букинистік дүкендер 20 жылдан астам уақыт бойы қызмет етіп келеді. Ал Астана қаласында букинистік дүкен мүлде жоқ. Бұл не деген сөз? Яғни, елордадағы ескі кітаптар қойысқа кетеді не үйде шаң басып жатады дегенді білдіреді. Сондықтан ескінің көзін сақтап қалу мақсатында осындай кітап сататын дүкен аштым, — деді ол.

Бұл әмбебап дүкенде түпнұсқа басылымдар мен антиквариаттарды кездестіруге болады. Кітап қорында бірнеше тілдегі көркем әдебиет пен қазақ әдебиеті жауһарларының да түпнұсқа басылымдары сақталған. Мәселен, 1960 жылы басылған Әбділда Тәжібаевтың «Өмір және поэзия» кітабы, 1960 жылы шық-

ЖЕРТӨЛЕДЕГІ

жәдігер

қан (С. Мұқановтың творчествосы және қазақ совет-әдебиетінің бірсыпыра мәселелері жайында зерттеу) Темірғали Нұртазиннің «Жазушы және өмір», 1964 жылы жарыққа шыққан Сейділда Ордалиевтің «Қазақ драматургиясының очеркі», «Ғашық-наме» кітабының түпнұсқалары сөреден орын алып тұр. Өкініштісі, аталған кітаптардың кейбірі қайта баспадан шықпай, тек электронды кітапханаларда сақтаулы.

Аядай бөлменің төрінде этно түскізі ілулі тұр. Оған қоса, орындықтың жанындағы жиюлы тұрған құрақ көрпе де көз тартады. Арайлымның айтуынша, оларды әжесі арнайы дүкен үшін тігіп берген. Бұдан шағын дүкеннің іші этностильде жасалған деп қорытынды шығару дұрыс емес. Өйткені Kitapshah loft стильде безендірілген. Ұлттық қолөнер мен заманауи дизайнның әдемі үйлесуі рухани әрі зияткерлік кеңістікке айналып, оқырмандарға еркіндік пен жайлылық сезімін береді.

Қалың кітаптар арасындағы сұхбатымыз есіктен бір топ оқырман кіріп келгенде үзілді. Олар Шабыт университетінің студенттері екен. Бұл олардың алғаш рет келуі емес екен. Мұнда бас сұғуына бір ғана себеп бар. Ол — халық әндері жинағы кітабы.

«Тек тақырыбын ғана естіген әндеріміздің мәтінін осы кітаптан табамыз. Дүкенге бірінші рет келгенімізде бірден осы кітапқа көзіміз түскен. Мұқабасы болмаса да, нағыз керектің бәрі ішінде. Дүкен иесі үшін бұл кітап қымбат, сол үшін сатылымға қоймаған. Өкінішті. Бірақ кез келген уақытта өтінішімізді жерге тастамай, керек дүниемізді алуға қол ұшын береді», — деді студент Берік Жарылқасинов.



Кітап ошағына келушілер тек кітап оқу үшін келмейді. Мұнда поэтикалық кештер, жас акындар мен жазушылардың шығармашылық басқосулары, оқырман талғамына сай кешкілік кино көрсетілімдері жиі ұйымдастырылады. Әрбір қонақ мұнда әдебиет пен өнердің біртұтас әлеміне еніп, жаңа идея мен шабыт ала алады. Дүкеннің жылы, жайлы атмосферасы кітап оқудан бөлек, шабыттанауға, шығармашылыққа ұмтылуға мүмкіндік беретін орын ретінде ерекшеленеді. Арайлымның айтуынша, кітапсүйер қауым өнерге сусындап, жанын тыныштандыру үшін осы жерге асыға келеді. Әр шара жаңа идея мен шабыт сыйлап, келушілерді шығармашылыққа тартатын ерекше әдеби ортаға айналған.

— Егер дүкеннің мақсаты тек кітап сату болса, келетін оқырман



Алматы қаласында букинистік дүкендер 20 жылдан астам уақыт бойы қызмет етіп келеді. Ал Астана қаласында букинистік дүкен мүлде жоқ.

саны аз болар еді, бәлкім. Өйткені ескі кітаптарды сатып алатындар көп емес. Сондықтан кітапталқылар, киноталдау сияқты жиындар, жастарды қызықтыра түсетін кештер ұйымдастырылса, шынайы мақсатта келетін қонақтар қатары көбейеді, — дейді А. Қадыр.

Kitapshah дүкенінің ерекшелігі — кітаптардың сырты қаптаулы

күйінде сатылатынында. Кітапты оқып шыққан оқырман сол кітаптан түйгенін қапталған мұқабаға жазып қалдырады. Кейіннен ол қызықтырған оқырманның қолына тиеді. Дүкенге келген оқырмандар кітапты сол жазуға қарап, сатып алады екен. «Адам табиғаты өзіне жұмбақ көрінген нәрсені білгісі келіп тұрады ғой. Қаптаулы тұрған кітап та дәл сол сияқты: кітаптың атауы қалай, бір түйін ойдың астарында не жасырылған, осыларды білуге ұмтылады. Бір қарапайым ғана құмарлық кейде адамды кітапқа жақындатады», — деп ойын жеткізді дүкен иесі.

Сонымен қатар дүкен иесі заманның талабына сай әлеуметтік желіні де жолға қойған. Оны өзі тұрақты түрде жүргізіп отырады. Қазір бұл парақшаның 10 мыңға жуық оқырманы бар. Соған байланысты желіден көріп, іздеп келетін жастардың қарасы қалын. Дүкен иесінің айтуынша, қазір жастар арасында ескі кітаптарға деген қызығушылық жоғары. Оған әлеуметтік желінің пайдасы тиген. Дүкен иесі кітапқа деген сұраныс ешқашан түспейді деп санайды. Ол электронды кітаптарға әуестік те бөсеңдеп бара жатқанын, адамдардың кітапты сатып алуға тырысатынын алға тартты.

Кез келген істі бастау үшін идея аздық етеді, оған міндетті түрде қаржы керек. Букинистік бағыт қыруар табыс әкелетін сала емес екені белгілі. Алайда Арайлым кез келген жағдайда төуекелге бел буып, шешім қабылдай алу керек екенін негізге алды.

«Алғашқы дүкенді Кенен Әзірбаев көшесінен ашып едім. Бірақ қаржылық жағдайға байланысты ол жерден көшуге тура келді. Сөйтіп, кәсіпті тоқтатудың емес, оны сақтап қалудың жолын іздей бастадым. Сол уақытта «Тәуелсіздік ұрпақтары» деген мемлекеттік гранттың бар екенін білдім. Оның жеңімпазына 3 миллион теңгеден береді екен. 2023 жылы сол конкурсқа қатысып, бақ сынап көріп едім, жеңімпаз атандым. Соның арқасында букинистік бағытты қайта дамыттым», — деп сөзін түйді Арайлым.

Айтпақшы, дүкенде жергілікті суретшілердің көркем кескіндемелері мен колөнершілердің бірегей бұйымдары қойылған. Келушілер бұл туындыларды қолжетімді бағада сатып ала алады. Барлық экспонат кітапқұмарлар үшін арнайы жасалған: кітап бетбелгілері, ашықхаттар, кітап бейнесіндегі жарық шамдары, компьютер құрал-жабдығы.

Kitapshah — рухани шөлді қандыратын кішкентай оазис. Бұл жерден кимай қоштасқанымыз рас. Егер сіз де жаныңызға шуақ іздегеніз, осы бір жертөледегі жәдігерлер әлеміне бір соғып кетіңіз.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албан АЛТЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4692
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,